РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ-АҒАРТУШЫЛЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

# БІЛІМ ШЫҢЫ-
# ҒЫЛЫМ СЫРЫ

2024 ЖЫЛДЫҢ №04 ТОҚСАНДЫҚ
ЖИНАҚ САНЫ
ISBN 978-601-373-014-1



Нуржаутов Сакен Даутбекович
ПШО филиалының тренері
Шымкент қаласы

1 бет

## ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІНДЕ ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**УДК 37.0**
**ББК 74.00**
**Б94**

**Редакция алқасы**

Бас редактор:
ЕСЕН Бахыткүл Артыққызы

Шығармашылық директор:
БЕКЗАТ Рүстем

Бас редактордың орынбасары:
БИҒАРАЕВ Жарқынбек

Тілші:
УСИПОВА Жанна
ТАСТАНБЕК Аяулым

Дизайнер:
АНАРКУЛОВ Ислам

«БІЛІМ ШЫҢЫ-ҒЫЛЫМ СЫРЫ» Республикалық танымдық-ағартушылық, ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журналының тоқсандық жинақ саны 1-7 бөлім
Шымкент: ЖК "Шың" Баспаханасы, 2024 жыл. - 48 бет.

**ISBN 978-601-373-014-1**

«Білім шыңы-Ғылым сыры» Республикалық журналының тоқсандық жинақ саны жаңашыл, білікті, кәсіби шеберлігі жоғары педагогтердің озат тәжірибесін республика көлемінде тарата отырып, ұстаз мәртебесін көтеріп, оларды қоғамда таныту мақсатында шығарылып отыр. Сондай-ақ, әрбір мұғалім еліміздегі жаңашыл ұстаздардың бай тәжірибесімен, еңбектерімен танысып, өз ісінде шеберлікпен пайдалануына бұл жинақ журналдың көмегі зор.

**УДК 37.0**
**ББК 74.00**

**ISBN 978-601-373-014-1**

© ЖК «ШЫҢ» Баспаханасы, 2024 ж.

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІНДЕ ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



***НУРЖАУТОВ Сакен Даутбекович,***
***ПШО филиалының тренері***
***Шымкент қаласы***

Бүгінгі таңда әлем өзгеруде, жаңаруда, жаңғыруда. Білім алуға деген қажеттіліктер де алуан түрлі деуге болады. XXI ғасыр ақпараттық комуникациялық технологиялардың дамыған заманында балалар білімді кітаптан оқу арқылы ғана емес, ғаламтордан, әлеуметтік желілерден, теледидардан тағы басқа ақпарат көздерінен алуға бейім. Мұғалімдер оқулықпен ғана шектелмей балалардың қажеттіліктеріне сай заманауи тәсілдерді, ғаламтор мүмкіндіктерін ұтымды қолдана отырып білім беру үдерісін ұйымдартыра алуы тиімді болмақ.

Тыңдалым дағдысы: бала сәби кезінен-ақ анасының әлдиін тыңдап өседі. Сөздердің мәнін түсінбесе де интонациясына қарай жақындарының көңіл-күйін ажыратады деген пікірде зерттеуші ғалымдар. Тыңдалым арқылы баланың ана тілін меңгеру процесі басталады. Тіл арқылы ұлттық болмыс, таным мен түсініктер, өсе келе көзқарастар мен құндылықтар қалыптаса бастайды. Тыңдалым дағдысын не үшін және қалай дамыту керек?.. Бұл дағды қазіргі таңда "X", "Y", "Z" ұрпақ өкілдерімен қатар "Альфа" ұрпақ өкілдерінің қатары көп екені белгілі. Ол типтегі балаларға бір орында ұзақ уақыт зейін шоғырландырып отыру қиынға соғуы мүмкін. Бұл балалар әріп танымауы мүмкін, бірақ "Ютубтан" өзіне қажетті видеоны тауып көре алатын қабілеттері бар. Ақпараттық заманда сырттан үстелетін артық ақпарат көп. Бірақ бұл балалар бір уақытта бірнеше іспен айналыса алады. Міне осындай оқушыларға жас ерекшеліктерін ескеріп, қызығушылығына қарай тыңдалым материалын іріктеп беру - табыстылық кепілі. Тыңдалымның ішкі дағдылары бар. Мысалы, мазмұнын түсіну үшін тыңдау, детальді түрде тыңдау т.б. осы ішкі дағдыларына қатысты үлгілік оқу бағдарламасында оқу мақсаттары ұсынылады. Мақсаттардың мазмұнын түсіну, не талап етіп отырғанын пайымдау үшін мұғалімнің шеберлігі мен кәсіби құзіреттілігі жоғары болуы қажет.

Айтылым дағдысы: Бала кішкентай күнінен естіп өскен сөздерді тілін сындырып "ата" сөзін "апа" деп айта бастайды. Тілі шығып, алғашқы сөйлей бастағанынан бастап балаларда белсенді айтылым үдерісі жүзеге асады. Балаларда бұл кезде сұрақ көп болады, айналадағының бәрін білгісі келеді. Дені, ашық сұрақтар қояды бір қызығы. Жер не үшін домалақ? Құстар қалай ұшады? Суда балықтар неге тұншығып қалмайды? т.б. сұрақтар қояды. Бұл заңдылық, себебі бала даму үстінде. Миы ұлғайды, ақыл-есі кіре бастады. Осы кезде ата-ана, бала-бақша тәрбиешісі, мұғалімдер баланың сұрақтарына жауап беріп қана қоймай, ал сен қалай ойлайсың? Сенiңше мұны қалай жасаған дұрыс?- деп диалогке тарту, айтылым дағдысын дамытуға оң әсер етеді. Орта буында балалардың біршамасы жабыла бастайды, ұяңдық пайда болады. Өзіне деген сенім төмендеп, комплекстер анықталады. Оның сыры жауабы берілмеген сұрақтар мен ата-анасының "Қойшы, әр нәрсені сұрай бермей"- деген тыйымдары болуы әбден мүмкін. Оған кері әсер ететін факторлар көп. Ол психология. Ол бөлек тақырып. Орайы келгенде кеңірек

тоқталармыз. Айтылым - продуктивті дағдылар қатарына жатады. Мұнда ақпаратты қабылдап, тілді үйренуге қарағанда, тілді қолдану, сол тілде сөйлеу көбірек орын алады. Диалогтер, дебаттар, рөлдік ойындар мен пікірталастар айтылым дағдысын дамытуға оң ықпал етеді деп ойлаймын.

Оқылым дағдысы: Бұл дағды рецептивті дағдылар қатарынан, ол дегеніңіз, ақпаратты қабылдауға, түсінуге, сол арқылы меңгеруге бағытталған. Оқылым - сөздік қорды молайтады, сөздердің дұрыс жазылуын есте сақтауға көмектеседі, айтылым мен жазылымды жетілдіреді. Ішкі дағдылары: түсіну үшін оқу, болжай білу, мәтін түрлерін ажырату т.б. Осы аталған дағдылар бойынша оқылымның мынадай стратегияларын қолдануға болады. Бастауыш сыныптарда буынмен оқу, тұтас сөздерді оқуға үйретсек, орта буында түртіп оқу, шолып оқу, нақты ақпаратты тауып оқу секілді тиімді тәсілдер бар. Оқылым дағдысын дамыту арқылы балалардың оқу сауаттылығын қалыптастыру керек. Себебі ақпарат легі көп, шын ақпарат бар жалған "фейк" есебіндегі ақпараттар бар, осы ақпараттарға анализ жасап, қайсы ақпарат қажет, қайсы ақпарат өзекті екендігін ажырата алатын бала тәрбиелеу аса маңызды.

Жазылым дағдысы: Жазылым адам баласы өзі меңгерген немесе білетін ақпаратты сыртқа шығаруға, келесі бір адамдармен қарым-қатынасқа түсуге, қашықтан ақпарат алмасуға мүмкіндік беретін дағдылардың бірі. Ішкі дағдыларына келсек, орфографиялық қателіктерсіз жазу, әріптерді дұрыс және қатесіз жазу, пунктуацияны дұрыс қолдану, сөйлемдерді дұрыс байланыстыра білу т.б. Бұл дағдылар оқылым дағдысы мен тыңдалым дағдысы жақсы дамыған балаларда тез қалыптасады. Кітапты көп оқу арқылы, сөздердің дыбысталуын есту арқылы балалар әр сөзін қалай жазылатынын есте сақтап қалады. Жазылым - бұл шығармашылық жұмыс. Жазылым тапсырмалары сапалы орындалуы үшін, тапсырма шарты мен критреийлері нақты болуы шарт. Егер, мақала жазу керек болса, мақала талаптарын түсініп алғаны жөн. Ол әдеби тілде, көпшілікке арналып жазылатыны, қатесіз жазылатыны, ой салу немесе оқырман назарын аудару мақсатын көздей ме, сөз саны қанша болуы керек деген маңызды тұстарын анықтап алып, тапсырмаға қажетті уақыт пен ресурстарды ұсына отырып, жазылым дағдысын дамыту мүмкіндігін арттыруға болады. Жазылым тапсырмаларын жеңілден күрделіге принципімен бере отырып, кезең-кезеңімен жас ерекшеліне қарай тапсырмаларды күрделендіріп отыру ұтымды болмақ.

ӘТН немесе Тілдік бағдар. Бұл тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының теориясы. Бұл теорияны күнделікті, жүйелі түрде 4 тілдік дағдымен үндестіре отырып меңгерткен жөн. Мәтіндерді сөз, сөйлем, абзац деңгейінде талдау түсінуге мол мүмкіндік береді. Әдеби шығармадағы сюжет пен композицияны, қолданылған тілдік һәм көркемдеуіш құралдарды талдау, автор идеясы мен көзқарасын анықтай отырып, шығарманың құндылығына баға беру теорияны оқушылар жақсы меңгеруіне оң ықпал етеді.

Осы аталған тілдік дағдыларды нақты ғылымдар математика және жаратылыстану пәні мұғалімдері не үшін дамытуы қажет? Әрине әр пәнде мәтіндік не графикалық мәліметтер мен ақпараттар бар. Есептің шартын түсіну үшін де оқылым дағдысы қажет. Есепті шығару жазылым, жолын түсіндіру айтылым дағдысын дамытуға оң әсер етеді. Физика немесе география пәнінде формулалар мен карталар ұсынылады. Балалар сол ақпараттан керегін алып, қажетті ақпараттарды жинақтайды. Ең маңыздысы мұғалімдер "Блум" таксономиясын ұмыт қалдырмауы қажет. Кез келген тілдік дағды ойлану процесі арқылы дамиды. Ал, ойлау дағдыларының бірнеше деңгейлері бар екендігі баршаға мәлім. Бала бірінші ақпаратты естігінде я оқығанда біледі, кейінірек не екенін өзі немесе мұғалім көмегімен түсінеді, білімін қолданады, талдау жасап, ақпарат жинақтайды, өзіндік көзқарасын білдіріп, бағасын береді. “Тек тілдік пәндер 4 дағдыны дамытуы керек, қазақ орыс немесе ағылшын тілі мұғалімдері ғана тілдік дағдылармен айналысуы қажет” деп есептеу тиімсіз. Ия, сауатты жазу бастауыш сынып мұғалімі, орта буындағы тілдік пәндер мұғалімдерінің басты мақсаттары болуы керек екені түсінікті. Бірақ, барлық пән мұғалімдері бір жұдырықтай жұмылып, кіріктірілген оқу бағдарламасының оқу мақсаттарын меңгерту арқылы сауатты, ойын ашық айта алатын, қажетті ақпаратты тез тауып, ойын жазбаша еркін білдіретін ұрпақты, өзіне сенімді көшбасшыларды дайындай аламыз...

# МЕНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІМ



***ОРАЗБЕКОВА Бағила Орынбайқызы,***
***Ө.Жәнібеков атындағы №4 лицей-интернатының***
***қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Педагог-сарапшы***
***Түркістан облысы, Отырар ауданы***

Педагогикалық даму - әрбір баламен жұмыс жасайтын тұлға үшін қажетті де қызықты үдеріс. Әр жетекшінің өз моделі мен өз деңгей сатысы бар. Бала оқыту үнемі өзіңді дамытып отыруды қажет етеді. Осы тұрғыда жаңаша білім беру жолында ерекше қырларыммен заман талабына сай икемделуім міндет деп санаймын.

Ұстаз атаулының бойында үнемі өзін дамыту мен білім берудегі ерекше көшбасшылық қасиеттерінің болғаны абзал. Олай болса, педагог қауымының төл арнасы мен әлемі жаһандық өзгеріске сай үйлесіп отыруы тиіс деп ойлаймын.

Біріншіден, теориялық білімімді дамытуым – үздіксіз жүріп келе жатқан үрдісім. Өйткені әрбіріміз бала оқытушы болған соң, теориялық жағынан қашанда толысып отыруымыз қажет деп санаймын. «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім»,-деген орыс ағартушысы К.Д.Ушинскийдің осы бір қанатты сөзін ұстана келе, теориялық тұрғыда өзімді жетілдіруде барынша еңбек етудемін. Кітаптар мен қазіргі таңдағы қосымша дамытушы курстардың татымдыларын аракідік оқып отырамын. Алған теориялық білімімді шыңдау арқылы өзіме деген сенімім артады. Осылайша, білімнің негізімен қоржынымды толтырып, толысып келемін.

Екіншіден, әдістемелік біліктілігімді арттырып отыруды басты назарда ұстаймын. Себебі жаңа дәуірдің балалары өте ақылды, ерекше ұрпақтар. Осындай зерек шәкірттерге білім беру барысында алғырлық таныту мен әр оқушының динамикасына сай өз тілінде нәзік коммуникация жасауды аса қажет деп білемін. Ол үшін түрлі әдістер керек. Күнделікті қолданатын әдістер балаларды жалықтырмауы тиіс. Өзім қолданып жүрген бірнеше әдістермен бөлісер болсам, «Ой жалға», «Жүгіру диктанты», «Менің ойымша», «Джигсо», «Сын қалам», «Редактура» әдістері балалармен жұмыс барысында оң әсерін беріп келеді. Британдық ғалым Уильям Уорд былай деген: «Жай мұғалім хабарлайды. Жақсы мұғалім түсіндіреді. Керемет мұғалім көрсетеді. Ұлы мұғалім шабыттандырады». Міне, осылайша оқушыларымның өсуіне ықпал етіп келе жатқан түрлі тәсілдер арқылы шәкірттерімді шабыттандырып келемін.

Үшіншіден, тәрбиесіз берілген білімннің бойға тарамасы анық. Сол себепті тәрбиелік құндылығы бар кітаптарды барынша көп оқып, тәрбиелік өмірлік сабақ болар маңызды тұстарын айтып отырамын. «Ағаштан ағаш сәнін алады, адамнан адам тәлім алады»,-деген халық мақалы біздерге айтылып тұрғандай. Осылайша құндылықтардың басы деп білетін тәрбие мен білімді қатар сіңіруде аянбаймын.

Ой жинақтай келе, қоғам тұлғасын қалыптастыруда қашанда барымды сала беремін. Осындай жауапты еңбек жолында арнамның қызықты, нәтижелі болуы үшін әрдайым өзіме мақсат қоямын. Жаныма жылулық пен шабыт сыйлайтын осы жолда өз моделімді осылай қалыптастырып келемін.



# Т.МОЛДАҒАЛИЕВ «БАУЫРЛАР» ӨЛЕҢІ

***САГИНДИКОВА Камшат Торехановна,***
***М.Қазыбеков атындағы жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.***
***Түркістан облысы, Сауран ауданы***

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 11.1.2.1 әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан ашу; | | | |
| **Сабақтың мақсаты** | Өлеңде көтерілген шетелде жүрген қазақ бауырларды өз Отанына келуге шақыру мәселелерін өмірмен байланыстыру және ұлттық мүдде тұрғысынан ашу;<br>**ЕБК (еркін реттеу, жоспарлау және бақылау қиындықтары )**<br>**Өлең мазмұнынан түсінгенін өмірмен байланыстыру.** | | | |
| **Бағалау критерийі** | Өлеңде көтерілген шетелде жүрген қазақ бауырларды өз Отанына келуге шақыру мәселелерін өмірмен байланыстырады.<br>Мәселені ұлттық мүдде тұрғысынан ашады;<br>**ЕБҚ арналған бағалау критерийі.**<br>**Өлең мазмұнынан түсінгенін өмірмен байланыстырады.** | | | |
| **Ойлау дағдыларының деңгейі** | Талдау, жинақтау, бағалау. | | | |
| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
| **Сабақтың басы** | 1-тапсырма. «**Сенің мықты тұсың...**» әдісі арқылы сабақта жылы атмосфера орнатамын. Оқушылар бір-біріне досының мықты тұсын айтады. Бұл әдіс арқылы оқушылар арасында алғыс, бауырмалдық сезімін орнатуды көздеймін. | Оқушылар өзімен бір сыныпта отырған достарының мықты тұсын өте жақсы біледі. Бұл тапсырмада оқушылардың өзіне деген сенімдері артады. Ынтымақтастық атмосферасы орнайды. |  |  |
| | Алдыңғы білім. «Серпінді сауал» әдісі арқылы Тұманбай Молдағалиевтің өмірі жайлы білімдерін пысықтаймын. Тұманбай Молдағалиев өмірі жалы не білеміз?<br>Өлеңдерінің тақырыбы қандай?<br>Ақын сөзіне жазылған қандай әндер бар?<br>Т.Молдағалиевтің басқа ақындардан қандай ерекшелігі бар деп ойлайсыз? | | Оқушының жауабы толық болса **жасыл түсті,** жартылай дұрыс болса **сары түсті** мүлдем дұрыс болмаса **қызыл түсті** бағалау парақшалары беріледі. | |
| **Сабақтың ортасы** | **Жаңа білім. Қызығушылық ояту.**<br>**«Кластер» әдісі**<br><br> | Оқушылар «Кластер» әдісі арқылы жалпы бүгінгі қозғалатын тақырыпқа қатысты ойларымен бөліседі. Яғни, сабақтың басында оқушылардың ойын біліп алып, содан соң ақынның сезімімен танысамыз. | «Бағдаршам» әдісі арқылы бағалаймын.<br><br> | Тұманбай Молдағалиев «Бауырлар» өлеңіне сілтеме: https://bilim-all.kz/olen/3263-Bauyrlar<br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 1-тапсырма. **«Реттілікті сақта!» әдісі** арқылы оқулардың өлең мазмұнына қызықтыру үшін 2 топқа суреттер беремін. Осы суреттер өлең мазмұнына қандай қатысы бар екенін ойланады және ретімен орналастырып шығады. Тапсырманың мақсаты – оқушылардың өлеңдегі айтылып отырған ойды суреттер арқылы терең сезінуіне жол ашу.<br>**ЕБҚ оқушыға тапсырма**. Бұл категориядағы оқушылар жоғары дәрежедегі алаңдаушылық басым болады. Сондықтан бұл балаға тапсырма қадамдық нұсқаулықпен беремін. Жоспар, схема арқылы беремін. Бұл тапсырмада оқушыға суреттер беріп, сол арқылы өлеңмен танысып, оқуға тапсырма беремін.<br>**«Шындықты зертте!» әдісі** арқылы өлеңде көрініс тапқан өмір шындығын табады.<br>**ЕБҚ оқушыға тапсырма.**<br>**«Шындықты тап!» әдісі.**<br>Мәтінді оқуда, түсінуде көп қате жіберітндіктен, бұл балаға өлең мазмұнын қағазға жаздырып, ондағы көрініс тапқан өмір шындығын табуға сұрақтар арқылы қолдау көрсетемін.<br>Бұл өлеңді ақын кімдерге арнап жазған?<br>Қазір шетелдік қазақтар елімізге қоныстанып жатыр ма?<br>Сен өзің шетелдік қазақтарды көрдің бе? Өмірмен байланыстырып өз ойыңды айт!<br>**«Ұлттық пікірталас» әдісі.**<br>**5-6 деңгей PISA.**<br>Нақты білімге және тұжырымдамаға сүйеніп, болжам арқылы бағалау және сыни талдау жасау.<br>Жалпы бүкіл шетелдегі бауырларымызды елге шақырса, бүкіл қазақ біріксе,не болады?<br><br> | Топ мүшелері оқылым стратегиясының ішінде **түсініп оқуына** ерекше көңіл бөлемін. Мәтіннің мазмұнын, автордың айтпақ болған ойын, мәтінді жазудағы мақсатын түсіну үшін әр ақпаратты ұғынып оқуы керек.<br><br>Оқушылар ақынның айтпақ өмір шындығын болжайды. Ол үшін мына сұрақтарды қоямын.<br>**1-топ.** Ақын өлеңінде қандай өмір шындығы көрініс тапқан?<br>Шетелдегі қазақтарды елімізге шақыруға көзқарасың қандай?<br><br>**2-топ.** Шетелдік қазақтардың басқа жаққа қоныс аударуына не себеп болды? Зерттеңіз.<br><br>Оқушылар 2 топқа бөлініп, шетелдегі қазақтар елімізге көшіп келсе, ұлттық мүддемізге жалпы ұлттық құндылықтарымызға тигізер оң және теріс ықпалын айтып, пікірталас ұйымдастырады. | Дескриптор:<br>Өлеңде көтерілген шетелде жүрген қазақ бауырларды өз Отанына келуге шақыру мәселелерін өмірмен байланыстырады<br>**ЕБҚ оқушыға Дескриптор:**<br>Өлең мазмұнынан түсінгенін өмірмен байланыстырады.<br><br>Дескриптор:<br>Мәселені ұлттық мүдде тұрғысынан ашады; | <br><br><br><br><br><br><br><br><br> |
| **Сабақтың соңы** | Мағжан Жұмабаевтің «Алыстағы бауырыма» өлеңі мен шетелдегі қазақ Мағжанның бұл өлеңіне 2001 жылы түрік ақыны Фейзуллах Будактың жазған жауабы байланысы қандай деп ойлайсыз?<br><br>**Кері байланыс. «Бауырым»** | Оқушылардың шетелдік қазақтарға деген жалпы оң көзқарасын, сағынышын ояту үшін сабақ соңында осы екі өлеңді оқытып сабақты қорытындылаймын. | Стикерге ойларын жазып тақтадағы бағалау парағына жабыстырады.<br> | |



# АХМЕТ ЙАССАУИ “ДАНАЛЫҚ КІТАБЫ”

***АБИЛЬДАЕВА Сапаргул Буребаевна,***
***№51 Дәуір жалпы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі. Педагог-зерттеуші***
***Түркістан облысы, Жетісай ауданы***

| | |
|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты** | 8.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану<br>8.3.2.1 шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру; |
| **Сабақтың мақсаты:** | Шығармадан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін  қолданады, дәлелдер келтіреді;<br>Шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырады.<br>Шығарманың жаңашылдығына баға береді.<br>**ЕБҚ оқушы: (есту қабілеті бұзылған оқушы)**<br>Үзінді мазмұны бойынша  өз ойын білдіреді.<br>Үзіндідегі материалдық және рухани құндылықтарды ажырата алады. |
| **Бағалау критерийлері:** | Өз көзқарасын дәлелдеуде берілген үзінділерді  қолданады, дәлелдер келтіреді.<br>Шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырады.<br>Шығарманың жаңашылдығына баға береді.<br>**ЕБҚ оқушы: (есту қабілеті бұзылған оқушы)**<br>Үзіндіні өз көзқарасын білдіруде қолданады.<br>Үзіндідегі материалдық және рухани құндылықтарды ажырата алады. |
| **Ойлау дағдыларының деңгейі** | Жоғары деңгей дағдылары |

**Сабақтың барысы:**

| **Сабақ кезеңі/ Уақыты** | **Педагогтің іс-әрекеті** | **Оқушының іс-әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы Қызығушылықты ояту**<br>**4 мин**<br><br>**3 мин** | 1.Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу<br>2. Психологиялық жағымды ахуал қалыптастыру. «Бір тілек» тренингі арқылы әріптер бойынша  кубикті айналыру арқылы ақ тілек білдіру.<br>«**Мозайка**» әдісі арқылы 3 топқа бірігіңдер.<br>«Мозайка» әдісі арқылы топ ішінде үй тапсырмасын сұрақ-жауап арқылы сұралады.<br>Үй тапсырмасы.<br>«Шындық, жалған» әдісі арқылы үй тапсырмасын пысықтау.<br>Сабақ тақырыбы, ОМ, сабақ мақсаттары мен бағалау критерийлері таныстырылады.<br>Мұғалім сөзі: | 1.Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу<br>2. Психологиялық жағымды ахуал қалыптастыру.<br>«Бір тілек» треннингі арқылы әріптер бойынша  кубикті айналдырады, бірін-біріне ақ тілек білдіреді.<br>«Мозайка» әдісі арқылы оқушылар<br>1-топ Құндылық<br>2-топ. Руханият<br>3-топ. Даналық<br>«Мозайка» әдісі арқылы топ ішінде үй тапсырмасын сұрақ-жауап арқылы жауап береді.<br>«Шындық, жалған» әдісі арқылы үй тапсырмасы пысықталады. | ҚБ<br>«Жарайсың!», Керемет!<br>Жақсы! сөздерімен бағалау<br><br>ҚБ «Керемет!»<br>Топтық жұмыс бойынша бағалау | Интерактивті тақта<br><br> |
| **Сабақтың ортасы**<br>**5 мин** | **Мұғалім түсіндірмесі**<br>Диуани хикмет, «Ақыл кітабы»-Қожа Ахмет Яссауидың сопылық идеясын жыр еткен, этикалық – дидактикалық мазмұндағы | **1-тапсырма** «Әңгіме құрастыру» әдісі арқылы берілген үзіндіні негізге алады, өз көзқарасын дәлелдеп,  ойын өрбітіп, әңгіме түрінде жазады. | | Қазақ әдебиеті. 8-сынып |

<table>
<tr>
<td>12 мин</td>
<td>әдеби шығармасы. «Диуани хикмет» әр бір адамға имандылыққа, ізгілікке, жоғарғы адамгершілік қасиеттерге жетелейтін құдіретті күш, айқын бағдарлама деуге болады.</td>
<td>Азған заман ғалымы залым болар,<br>Қошеметшіл қулықпен мәлім болар,<br>Анығын айтқан адалдар жазым болар,<br>Бұл не деген замана болды, достар?</td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>Сондықтан Диуани –жинақ хихмет-алланың құдіреті күші, яғни тарихи құндылығы толы «алланың ақ жолын баяндайтын құнды дүние» болып табылады.<br>1-тапсырма. «Әңгіме құрастыру» әдісі<br>Берілген үзіндіні негізге ала отырып, өз көзқарасыңды дәлелдеп жаз<br>(Көркем мәтінді талдау бойынша мәтіндік талдау. ФС Түсініп оқиды әр ақпаратты ұғынып оқиды. PISA 1-деңгей мәтін мазмұны мен жалпыға түсінікті күнделікті тұрмыстағы тәжрибе арасындағы байланысты орнату.<br>ЕБҚ оқушы үшін: «Ойынды өрбіт» әдісі<br>Ахмет Йассауидің «Үлкен-кіші адамнан ибалық әдет кетті, қыз-бозбала жастардан әдеп кетті» деген үзінді мазмұны бойынша өз ойынды білдір.<br>(Бұл тапсырма арқылы оқытудың инклюзивті стратегиялары тапсырмаларды аяқтауға қосымша уақыт беру. Топ оқушыларының қолдау білдіруіне мүмкіндік беремін. Инклюзивті білім беру 6-қағидат)</td>
<td>Айтылған сөз, уәденің байламы жоқ,<br>Жалғандыққа шындықтың қайраны жоқ,<br>Шындықты айтып осылай шырқыраған,<br>Құл Қожа Ахмет сөзінің жалғаны жоқ.<br><br>ЕБҚ оқушы үшін: «Ойынды өрбіт» әдісі<br>Ахмет Йассауидің «Үлкен-кіші адамнан ибалық әдет кетті, қыз-бозбала жастардан әдеп кетті» деген үзінді мазмұны бойынша өз ойың білдіреді<br>----------------------------------------------<br>----------------------------------------------<br>----------------------------------------------<br>----------------------------------------------<br>-----------------------------------<br>ЕБҚ оқушы құрдастарының қолдауымен үзінді мазмұны бойынша өз пікірін білдіреді.</td>
<td>ҚБ Бірін-бірі бағалау<br>Дескриптор:<br><br>-Үзіндіні өз көзқарасын дәлелдеу үшін қолданады;<br>-дәлел келтіреді, пікір білдіреді .<br>ҚБ.ЕБҚ оқушы үшін:<br>Дескриптор:<br>-Үзіндіні мазмұны бойынша өз ойын білдіреді;</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>15 мин</td>
<td>Топтық жұмыс<br>2-тапсырма. «Құндылық» әдісі<br>1. Шығармада көрініс тапқан құндылықтарды анықта.<br>2. Оларды қазіргі өмір құндылықтарымен салыстыр.<br>3. Жаңашылдығына баға бер.<br>(PISA 4-деңгей баға беру үшін мәтіндегі ақпарат пен нақты білімді пайдалану. Оқу сауаттылығын бағалауға арналған тапсырма түрлерінің ішінде Аспект бағалау түрі)<br><br>ЕБҚ оқушы үшін: «Ажырата біл» әдісі<br>Шығармада көрініс тапқан құндылықтарды ажырат.<br>(Бұл тапсырма арқылы оқушының ойлауына, өзіне деген сенімділігін арттыруына мүмкіндік беремін. Инклюзивті білім беру 2- қағидат)</td>
<td>Топтық жұмыс<br>2-тапсырма. «Құндылық» әдісі<br>1-қадам. Шығармада көрініс тапқан құндылықтарды анықтайды<br>2-қадам. Материалдық құндылықтарды жазады<br>3-қадам. Рухани құндылықтарды жазады<br>4-қадам. Бүгінгі күнмен байланыстырып, жаңашылдығына баға береді.
<table>
<tr><td>Үзінді</td><td>Материалдық құндылық</td><td>Рухани құндылық</td><td>Жаңашылдығы</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
ЕБҚ оқушы үшін: «Ажырата біл» әдісі<br>Шығармада көрініс тапқан құндылықтарды анықтайды
<table>
<tr><td>Үзінді</td><td>Материалдық құндылық</td><td>Рухани құндылық</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>Қалыптастырушы бағалау:<br>Топтық бағалау<br>Дескриптор:<br>-шығармадағы құндылықтарды анықтайды;<br>-жаңашылдығына баға береді<br>-өз көзқарасын білдіреді<br><br>ҚБ:Өзін-өзі бағалау<br>ЕБҚ оқушы:<br>Дескриптор:<br>- үзіндідегі материалдық және рухани құндылықтарды ажырата алады</td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың соңы Рефлексия 5 мин.** | **Кері байланыс: «Ой сүзгі» әдісі** Ахмет Ясауи тақырыбын оқып, талдап, жоғарыдағы тапсырмаларды орындағаннан кейін. төмендегі жүйе бойынша өз жұмыстарына кері байланыс жасасандар. | **Кері байланыс: «Ой сүзгі» әдісі** Бүгінгі сабақ бойынша **өз жұмыстарына кері байланыс жасайды** | | |
| **Оқу тапсырмасы 1 мин** | **Үй тапсырма:**«Имандылық-адам бойындағы ең үлкен қасиет»тақырыбына эссе жазу. | Оқу тапсырмасы бойынша берілген тапсырманы түртіп алады | | |



# ӨНЕР – БІЛІМ БАР ЖҰРТТАР

***АЙТБАЕВА Улбике Абдигаппаровна,***
***Абай атындағы №5 жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі. Педагог – сарапшы***
***Түркістан облысы, Кентау қаласы***

| | |
|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары** | 5.2.5.1. Мәтін мазмұнын түсіну, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру; 5.4.2.2. Зат есімдердің мағыналық түрлерін мәнмәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп қолдану. |
| **Сабақ мақсаттары** | Мәтін мазмұнын түсініп, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырады. Зат есімдерді (деректі және дерексіз) өзара ажыратады, түрлендіріп қолданады. **ЕБҚ оқушы (көру қабілеті)** Мәтін мазмұнын түсініп, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған қарапайым сұрақтар құрастырады. Зат есімдерді (деректі және дерексіз) өзара ажыратады, түрлендіріп қолданады. |
| **Бағалау критерийлері** | Мәтін мазмұнын түсініп, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырады. Зат есімдерді (деректі және дерексіз) өзара ажыратады, түрлендіріп қолданады. **ЕБҚ оушы (көру қабілеті)** Мәтін мазмұнын түсініп, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырады. Зат есімдерді (деректі және дерексіз) өзара ажыратады, түрлендіріп қолданады. |
| **Ойлау дағдыларының деңгейі** | Білу, түсіну, қолдану |

**Сабақтың барысы:**

| **Сабақ кезеңі** | **Педагогтің іс-әрекеті** | **Оқушының іс-әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурс тар** |
|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастыру кезеңі: Сабақтың басы** 4 минут<br><br>6 минут | Оқушылармен сәлемдесіп, ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. **«Жүректен жүрекке» әдісі** Қызығушылықты ояту. Үй тапсырмасын сұрау. **«Миға шабуыл» әдісі** арқылы өткен сабақты пысықтау. **Сұрақтар:** 1.Суретте ертегінің қай сәті бейнеленген? 2.Қиял-ғажайып ертегісіне тән қандай белгілерді байқадыңдар? 3.Сендердің ойларыңша, қай кейіпкерлер өмірде болмайды? 4.Зат есім дегеніміз не? 5. Туынды зат есім қалай жасалады? 6.Негізгі зат есім дегеніміз не? 7.Күрделі зат есім дегеніміз не? | Оқушылар **«Жүректен жүрекке» әдісі** арқылы бір-бірлеріне жылы лебіздерін білдіреді.<br><br>Үйге 6-тапсырма берілген. Ізденімдік тапсырма мәліметтері бойынша мәтін құрастыру болатын.<br><br>Оқушылар берілген сұрақтарға жауап береді. | Жарайсың! Жақсы! Талпын!<br><br>Мұғалім тарапынан бағалау<br><br>Жарайсың! Жақсы! Талпын! |  |

**Жаңа сабақтың ортасы**
10 минут

10 минут

5 минут

5 минут
**Сабақтың соңы**
3 минут
**Кері байланыс**

**Үйге тапсырма**

2 минут

Жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатын таныстыру.
Зат есім.Зат есімнің (деректі, дерексіз) мағыналық түрлері.




Жаңа сабақтың оқу материалын меңгерту мақсатында **(Тиісті таныстыру арқылы сабақтың мазмұнына ынталандырып, ілтипат аудару. А.Байтұрсынұлы ұсынған оқытудың 2-қағидасы бойынша)**
**1-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Жуан-жіңішке сұрақтар» әдісі арқылы** мәтін мазмұнын түсініп, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырыңдар. (1-мәтінмен жұмыс жасайды)
**Функционалдық сауаттылықтың 1-4 деңгейі**
**Тапсырма түрлері:**
**- нақты сұрақтар құрастырады.**
**- ақпаратты анықтайды.**
**2-тапсырма. Жеке жұмыс. «Т кестесі»** арқылы мәтіннен зат есімдердің (деректі және дерексіз) мағыналық түрлерін өзара ажыратып жазыңдар.
(2 – мәтінмен жұмыс жасайды)
**ЕБҚ оқушы тапсырмасы.**
Сыныптағы көру қабілеті төмен балалар.
**ЕБҚ оқушы тапсырмасы.**
**1-тапсырма.** Мәтін мазмұнын түсініп, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырыңдар. (1-мәтінмен жұмыс жасайды)
**2-тапсырма.** Берілген кестедегі сөздерден деректі және дерексіз зат есімдерді ажыратыңдар
**(Барлық оқушылар өздерінің қолынан келмейтін нәрсе де емес, өзі жақсы түсінетін және қолынан келетін нәрселерде табысқа тезірек қол жеткізе алады. 7-қағидат)**

| Сөздер | Деректі зат есім | Дерексіз зат есім |
|---|---|---|
| Кітап | + | |
| Сезім | | + |
| Доп | + | |
| Ізет | | + |
| Сөмке | + | |
| Парасат | | + |
| Қол | + | |
| Адамгершілік | | + |
| Қайшы | + | |
| Ақыл | | + |

Жаңа сабақтың тақырыбымен, мақсатымен танысады. Зат есім.Зат есімнің (деректі, дерексіз) мағыналық түрлерімен танысады.

Оқушылар мәтінмен жұмыс істей отырып, мәтін мазмұны бойынша нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырады.

Оқушылар **«Т кестесі»** арқылы мәтіннен зат есімдердің (деректі және дерексіз) мағыналық түрлерін өзара ажыратып жазады.

| **Деректі зат есім** | **Дерексіз зат есім** |
|---|---|
| | |
| | |

Оқушылар мәтінді түсініп оқып, сұрақтар құрастырады.

Кестедегі сөздерден деректі және дерексіз зат есімдерді ажыратады.

Зат есімдерді жалғаулар арқылы түрлендіріп қолданады.
**Оқушының ықтимал жауабы**
Жұрт-тар, тас-тан, сарай-дан, көз-ім, арба-да, құс-тан, су-дан, от-тан, сусын-дар, теңіз-ден, көк-тен, шөп-тің, дастарым-ның.
Өнер – білім жайлы мақал - мәтелдер жазып, деректі және дерексіз зат есімдерді ажыратады.

**Дескриптор:**
**Жалпы балл – 2**
- мәтін мазмұнын түсініп, нақты ақпараттарды анықтайды.
- сұрақтар құрастырады.
**ҚБ: «Бағдаршам» әдісі арқылы** өзін-өзі бағалау
**Дескриптор**
**Жалпы балл – 2**
-деректі және дерексіз зат есімдерді ажыратып жазады.
**ҚБ: «Бас бармақ» әдісі арқылы бағалау**
**Дескриптор:**
**Жалпы балл – 3**
- мәтін мазмұнын түсініп оқып, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырады.
- кестедегі сөздерден деректі және дерексіз зат есімдерді ажыратады.
**ҚБ: «Бағдаршам» әдісі** арқылы бағалау
**Дескриптор:**
**Жалпы балл – 3**
- Зат есімдерді жалғаулар арқылы түрлендіріп қолданады.
**ҚБ: «Бағдаршам әдісі» арқылы бағалау**

https://fsd.kopilkaurokov.ru/uploads/user_file_54f314cc5b5c9/img_user_file_54f314cc5b5c9_20.jpg

https://bilim-all.kz/olen/303

https://bilim-all.kz/olen/1244-Oner-bilim-qaitse-tabylar





# АДАМГЕРШІЛІК-АСЫЛ ҚАСИЕТ

*АСАНОВА Оразкул Еграраевна,*
*Ж.Егембердиев атындағы шағын жинақты негізгі орта мектебінің педагог-психологы. Педагог-сарапшы*
*Түркістан облысы, Отырар ауданы*

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Мақсаты:** | Адамның бойындағы ұнамды-ұнамсыз қасиеттерді айта отырып, оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу, адам бойындағы асыл қасиеттерді бағалай білуге, адамдармен қарым-қатынас дағдыларын жасауға баулу. | | |
| | **Сабақ барысы** | | |
| **Сабақтың кезеңдері** | **Психологтың іс-әрекет** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар** |
| **Психологиялық ахуал қалыптастыру:** | **Мұғалім:** -Салеметсіздер ме құрметті оқушылар және ұстаздар!<br>**Сәлемдесу**<br>Күнге қарап қолымды<br>Бір, екі, үш деп соғайын /қолды соғу/<br>Қарап тұрған көршіме<br>Мен қолымды бұлғайын /бір - біріне қол бұлғау/<br>Жылы - жылы жүзбенен<br>Маңдайыннан сипайын /сипау/<br>Жылы - жылы сөзбенен<br>Жүрегімді сыйлайын /жүректі ұсыну/<br>Ыстық алақаныммен<br>Қолыңды бер қысайын /қолды қысу/<br>Амандасып өзіңмен<br>Құшақтасып алайын /құшақтасу/ | **Сәлемдесу** | **Слайд** |
| **ІІ.Негізгі бөлім:** | **Тақырыпты ашу**<br>**Мұғалім:** Қымбатты оқушылар,бар назарымызды тақтаға аударайық та,адамгершілік сөзіне ой жүгіртейік.<br>1. Адамгершілік деген не?<br>2. Адамгершілік туралы біздің көзқарасымыз қандай?<br>3. Адамгершілік қандай қасиеттерден тұрады?<br>4. Өз бойында қандай жақсы қасиеттер бар?<br>Алдымыздағы параққа өз ойымызбен адамгершілік ұғымына жататын қасиеттерді толтырайық.<br>**Татулық**<br>**Кішіпейілділік**<br>**Шыншылдық**<br>**Мейірімділік**<br>**Аяушылық**<br>**Сенімділік**<br>**Сыйластық**<br>**Адалдық** | **Оқушылар алдымыздағы параққа өз ойларымен адамгершілік ұғымына жататын қасиеттерді толтырады.** | **Таратпа парақтар** |
| | Міне оқушылар,бүгінгі сабақтың тақырыбын аштық.Сонымен сабақтың тақырыбы «Адамгершілік – асыл қасиет» .<br>Мейірімді, қайырымды, сезімтал адам әрдайым жақсылық жасауға дайын тұрады. Ақ ниетпен жақсылық жасау адамның ішкі дүниесінің байлығын, жан сұлулығын, парасаттылығын көрсетеді. | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Бейнематериал** | **Мұғалімнің сөзі: Видео көрсету 6 мин**<br>Көрген видео сіздерге қандай сезім тудырды және қандай ой түйдіңіздер?<br>Алған түйін ойларыңызды адамгершілік ағашына айтып өтсеңіздер.<br>Көрген видео сіздерге қандай сезім тудырды және қандай ой түйдіңіздер? | Оқушылар жауап береді (сұрақ-жауап). | **Слайд**<br>**Видео көрсету** |
| **Топтық жұмыс** | Оқушыларды 2 топқа бөліп ойын ұйымдастыру.<br>1- топқа Сурет бойынша әңгіме құрастырыңдар.<br>Тақырыпты адамгершілік деп аласыңдар.<br>2-топқа Адамгершілік туралы мақал-мәтел тауып, мағынасын ашыңдар.Берілген кестеге түсіріп жазыңдар. | | |
| **Ойын** | **«Болады-болмайды» ойыны**<br>Кешірімді болуға …. (болады),<br>Қатыгез болуға …. (болмайды),<br>Тәртіпті болуға …. (болады),<br>Әдепті болуға …. (болады),<br>Ұрысқақ болуға…. (болмайды),<br>Сыпайы болуға …. (болады),<br>Қайырымды болуға …. (болады),<br>Бұзық болуға …. (болмайды),<br>Бауырмал болуға …. (болады),<br>Ақылды болуға ….. (болады),<br>Мақтаншақ болуға …. (болмайды),<br>Шыншыл болуға …. (болады),<br>Арам болуға …. (болмайды),<br>Маман болуға …. (болады),<br>Жаман болуға …. (болмайды),<br>Айтпақшы,<br>Жаман болуға ….! (болмайды). | | |
| **Топтық жұмыс** | **Телефон ойыны.**<br>Келесі ойын – телефон. Қатысушылар 3 топқа бөлінеді. Мұғалім 3 топқа сонша тапсырма дайындап әкеледі. Ойыншылар бірінің артына бірі қатарға тізіліп тұрады. Бірінші тұрған адамға тапсырманы сыбырлап айтасыз. Барлығы толық естіген соң, топтар ойынды бірге бастайды. Әп дегеннен жылдамдатып артында тұрған адамға тапсырманы сыбырлап айтып жеткізуі керек. Қай топ бірінші аяқтап және қатесіз айтса, сол топ жеңімпаз атанады. Тапсырманы қатардың соңына дейін жеткенше, сан құбылып, бастапқы қалпынан мүлде өзге сөздер шығады.<br>Түйін: Осы тапсырма сияқты кез келген жаңалықты әркім әрқалай естиді, әркім өз шамасынша түсінеді, әртүрлі қабылдайды, басқа адамға естігенінен басқаша жеткізеді, мұны қате екенін өзі де білмеуі мүмкін. Сондықтан естіген сөзіміздің барлығын шын деп қабылдауға болмайды. | Оқушылар үш топқа бөлініп тапсырманы бір-біріне сыбырлап айтады | **Слайд** |
| **Ойланайық пікірлесейік** | **«Таңдап ал» ойынын ойнату. 3 мин**<br>Әр топтан кезекпен 1 оқушыдан шығып, өзіне ұнаған түстегі шарды алып сұраққа жауап беру.<br>**Шардағы сұрақтар:**<br>1. Көк шар: «Жақсы адам болу деген не?»<br>2. Жасыл шар: «Мейірімділік адамның қандай іс әрекетінен байқалады?»<br>3. Сары шар: «Мейірімділік жасау адамдарды қандай қуанышқа бөлейді?»<br>4. Қызыл шар: «Адамның адамшылығы не?» | Әр топтан кезекпен 1 оқушыдан шығып, өзіне ұнаған түстегі шарды алып сұраққа жауап береді. | **Шар, қағазға жазылған сұрақтар.** |
| **Жаттығу** | **Сиқырлы қобдиша» жаттығуы.**<br>Нұсқау: Қатысушылар шеңбер құра отырады. Ортада сиқырлы қобдиша тұрады. Сыйлықтар – қағазға жазылған адамгершілік қасиеттер. | Қобдишадан әр қатысушы кезекпен бір сыйлықты таңдап | **Қорапша**<br>**Таратпа парақ** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Жаттығу шарты: Қобдишадан әр қатысушы кезекпен бір сыйлықты таңдап алып, ішінде жазылған сөзді лайықты деп санаған адамға сыйлайды. Сыйлықтар үлестірілгеннен кейін, шеңбер бойынша өзінің сыйлығын айтады.<br>Рефлексия: сонымен, қоршаған орта да осы қасиетке сізді лайық деп таныса, жеке-жеке қошемет көрсетейік.<br>Сыйлықтарыңыз құтты болсын! | алып, ішінде жазылған сөзді лайықты деп санаған адамға сыйлайды. | |
| **Ойын** | **«Тату алақан» жаттығуы.**<br>**Шарты:** Әр қатысушы өз парағына алақанның суретін салады да, өз орнында қалдырып кетеді, келесі қатысушының орнына барып, оның алақаны салынған суреттің ішіне оған жақсы тілек жазады. Осылай шеңбер бойымен барлығы бір-біріне тілек жақып шығады. | Оқушылар өз парағына алақанның суретін салады да, өз орнында қалдырып кетеді | **Таратпа қағаз** |
| **Сергіту сәті** | Барлық оқушылармен «Анашым» әнін орындайық. | Оқушылар ән айтады. | **Слайд** |
| **Кері байланыс** | **«Жақсылық ағашын отырғызу» ойыны 3 мин**<br>Оқушыларға алдын ала дайындаған жапырақ үлгісіндегі қағаздар беріледі. Әрбір оқушы өздерінің жасаған жақсы, игі істерін жапыраққа жазып тренингтен алған әсерлерін бұтақтарға жапсырады. | Әрбір оқушы өздерінің жасаған жақсы, игі істерін жапыраққа жазып бұтақтарға жапсырады. | **Таратпа қағаздар** |
| **Қорытынды бөлімі:** | Гүлді бір-бірімізге ұсына отырып, мақтау айтып, жақсы тілек жолдаймыз. Мысалы мен: «Сіз бүгін сондай сүйкімді болып тұрсыз.Лайым жүзіңнен күлкі кетпесін»,- деймін.Келесі оқушы әрі қарай жалғастырады.<br>Назарларыңызға рахмет | | **Гүл** |

Үздік сабақ



# «БАТЫР БАЯН» ПОЭМАСЫНЫҢ КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

***ДИМЕТОВА Доно Ибраимовна,***
***Ататүрік атындағы №17 мектеп-гимназиясының өзбек тілі және әдебиеті пәні мұғалімі.***
***Түркістан қаласы***

| | |
|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 7.1.1.1 Әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау;<br>7.1.3.1 Көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау; |
| **Сабақтың мақсаты:** | Барлық оқушылар<br>- Әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдайды;<br>- Көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтайды; |

**Сабақ барысы**

| **Сабақтың кезеңі** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Басы**<br>**5 минут** | **Ұйымдастыру сәті**<br>а) Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу<br>ә) Психологиялық треннинг **«Сен маған, мен саған»** әдісі<br>б) Топтастыру.<br>**QR кодпен** оқушыларды «Батыр Баян», «Қыз Құралай», «Бала Ноян» деген 3 топқа топтастырамын<br>в) Сабақтың оқу мақсаттарын | Оқушылар қолдарындағы А4 қағазды домалақтап мыжады, оны өздері бір қолмен ашады, содан соң бір-біріне бір қолдары арқылы көмектесіп, екеулеп сол қағазды ашады.<br><br>Оқушылар QR кодты сканерлеу арқылы |  | А4 қағаз<br><br>**QR код** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | «**Қаз Поштадан хат» әдісімен** таныстырамын, бағалау критерийлерін түсіндіремін.<br>Өз-өзін бағалау үшін «Әлеуметтік желілер» әдісін пайдаланамын.<br>**Сабақ эпиграфы:**<br>Дыбыспен сурет жасауда, сөздің сыртқы түрін әдемілеуде Абаайдан соңғы әдебиетке жаңа түр кіргізген - Мағжан<br><br>Ж.Аймауытов | топтасады. Қай топқа түссе, сол партаға барып жайғасады.<br><br>Оқушылардың ішінен бір оқушы өз еркімен шығып, келген хатты ашып оқу мақсатын оқиды, мен оны тақтаға іліп тағы да оқып беремін.<br>Оқушылар желі суреттерін өздері таңдайды, соған лайық лайктар беремін. Әр дұрыс берген жауаптарына қарай ұялы телефонға лайк жабыстырып отырады, сабақ соңына дейін жинаған лайктары балл есебінде бағаланады. | | Конверт нысана, садақ<br><br>Суреттер мен лайктар<br> |
| **Негізгі бөлім 5-7 минут**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**7-10 минут**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**10 минут** | **1-тапсырма. Жеке жұмыс. Үй тапсырмасын пысықтау:**<br>Алдыңғы тақырып пен жаңа тақырыпты байланыстыру үшін, үй тапсырмасын пысықтау үшін **«Бағыт-бағдар» әдісі** арқылы әр бағыт сұрақтарына оқушылар шығып жауап береді.<br>1.Мағжан Жұмабаев қай жылы, қай жерде туылған, биыл неше жасқа толып отыр?<br>Жауабы:СҚО қазіргі М.Жұмабаев ауданы, Сасыққөлде 1893 ж.туылған, биыл 130 жасқа толып отыр.<br>Поэмада қазақ тарихының қай кезеңі суреттеледі?<br>Жауабы: Абылай хан хандық құрған кезең.<br>Жоңғар шапқыншылығы тарихта қандай атпен қалды?<br>Жауабы: Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама.<br>«Батыр Баян» поэмасының 1- тарауы қалай аяқталады?.<br>Баянның Ноян мен Құралайды садақпен атуынан<br><br>Поэманың 2-тарауы қандай оқиғадан басталады?<br>Жауабы: Абылай ханның Батыр Баянды күтуінен<br>Композиция дегеніміз не?<br>Жауабы: лат: «құрастыру». Шығарманың жанры мен мазмұнына қарай құрамдас бөліктерінің тұтастығы.<br>**2-тапсырма. Топтық жұмыс. «QR код» әдісі**<br>3 топқа 3 плакат таратылады.<br>1-топ Баянға<br>2-топ Құралайға<br>3-топ Ноянға мінездеме беріп, характерін ашады<br>**3-тапсырма. Топтық жұмыс. «Құрастыр» әдісі**<br>Оқушылар, ендеше талдауды | Мұғалім нұсқауымен тақтаға оқушылар шығып, бағыттар бойынша сұрақтарға жауап беру арқылы жаңа сабақ тақырыбын ашамыз.<br>**Мақсаты:** Жылдам әрі өз ойын айтуды дамыту.<br><br>**Тиімділігі:** Сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.<br>**Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында ашық сұрақтар қойылады.<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Әр топтан бір оқушы шығып кодты сканерлеп қай кейіпкерге мінездеме беретінін біліп, соған сәйкес плакатқа сипаттап жазады, ойын поэмамен байланыстырып дәлелдейді<br>Оқушылар плакат бойынша жұмыс жасап, қорғайды<br><br>Әр топтан бір-бір оқушы мұғалім нұсқауымен шығып, композицияны суреттер бойынша құрастырады, қалған топ мүшелері байланыстырып айтады | **Дескриптор:**<br>***2 балл***<br>- сұрақтарға жауап береді;<br>- жаңа тақырыпты болжайды<br><br><br><br><br><br>**Дескриптор:**<br>***4 балл***<br>- кейіпкерлер типін анықтайды<br>-салыстырады<br>-іс-әрекетіне мінездеме береді<br>-өз ойларын қорғайды;<br><br>**ҚБ** Жарайсыңдар!.<br><br>**Дескриптор:**<br>***4 балл***<br>- суретті сәйкестендіреді;<br>- байланыстырып айтады<br>- поэмадан дәлелдер келтіреді<br>-ойын дамытып айтады<br><br>ҚБ<br> | <br>Түрлі түсті бағыттар, стикер<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**QR код**<br>маркер, плакат<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Суреттер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | бастайық. Поэмамыздың басты кейіпкері кім еді? Батыр Баян кім дегенде не айта аламыз? Ал, екінші кейіпкер Ноянға қатысты қандай әрекетті айта аламыз? Бұл негізгі сюжеттер, ұсақ сюжеттерге бөлгенде, шығарманың композициясы шығады. Ягни, басынан аяғына дейін оқиғалардың өрбуі – композиция. | | | |
| **Соңы 5 минут** | **Сабақты бекіту.** **«Таңда. Талда» әдісі** Біз балалар мен үлкендерге мінездеме беріп жатырмыз. Екеуін айырған эмоция емес пе?. Баян неліктен осындай әрекетке барды? Ноян неліктен осындай әрекетке барды? Кім қай жерде қандай қателік жіберді? Үлкен мен баланың арасындағы түсіністіктің болмауы – трагедияға алып келді, дұрыс айтасыңдар Енді қысқа видео көрсек **Кері байланыс** «Мұғалімге хат» әдісі **Үйге тапсырма**: М.Әуезов «Көксерек» әңгімесімен танысып келу | Оқушылар берілген сұрақтарға өз ойларынша жауап беріп, қорытынды ой айтады. Оқушылар үзінді көреді Оқушылар сабақтың қаншалықты түсінікті болғаны туралы мұғалімге хат жазады  |  Тамаша? Жарайсыңдар? Оқушылар жинаған лайктары , топтар жалпы лайктары, ал топтағы логатиптер өз лайктары бойынша бағланады | http://youtube.com/watch?v=KszRg6QhH3M хат |
| **Кері байланыс** | **Рефлексия. «Білім қоржыны» тәсілі** Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың тақырыпты меңгергенін асықтар түсі арқылы бағамдайды. ***Мақсаты:*** Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. ***Тиімділігі:*** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. | Оқушылар асықтарды қоржын түстері бойынша салады  | | Асық қоржын |



# СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ. АМАНДАСУ, ҚОШТАСУ

***ЖАМАЛБЕКОВА Гулфариза Жакипбековна,***
***Ө. Жәнібеков атындағы №4 лицей-интернатының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.***
***Түркістан облысы, Отырар ауданы***

| | |
|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты** | 5.2.1.1.Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау<br>5.4.1.1.Қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, <u>үндестік заңын</u>, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазу |
| **Сабақтың мақсаты:** | Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіндіреді, анықтайды<br>Қазақ тілінің дыбыстар жүйесінің емлелік ерекшеліктерін ескеріп, орфографиялық нормаға сай жазады.<br>**ЕБК**<br>Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты көрсетіп, қазақ тілінің дыбыстар жүйесінің емлелік ерекшеліктерін ескеріп, орфографиялық нормаға сай жазады. |

| | |
|---|---|
| **Бағалау критерийлері:** | Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды, түсіндіреді.<br>Үндестік заңын, дыбыстар жүйесін, емлені ескереді<br>Орфографиялық норманы сақтайды<br>**ЕБҚ**<br>Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтайды;<br>Үндестік заңын, емлені ескереді;<br>Орфографиялық нормаға сәйкес жазады. |
| **Ойлау дағдыларының деңгейі** | Білу, түсіну,қолдану |

**Сабақтың барысы:**

<table>
<tr><th>Сабақ кезеңі/ Уақыты</th><th>Педагогтің іс-әрекеті</th><th>Оқушының іс-әрекеті</th><th>Бағалау</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr>
<td>Сабақтың басы Қызығушылықты ояту 4 мин<br><br>3 мин</td>
<td>І.Ұйымдастыру кезеңі:<br>1. Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу.<br>2. Психологиялық жағымды ахуал туғызу «Амандасу тренингі» арқылы оқушыларға шеңбер жасатамын.<br>Талқылау:Қандай әсер алдыңыздар? Жақсы, енді кездескенде бір-бірімізбен осылай амандасып тұрайық.<br>«Мозайка» әдісі арқылы топқа бөлу.<br>Үй тапсырмасын пысықтау.<br><br>«Иә,жоқ» әдісі арқылы сұрау.<br><br>Сабақ тақырыбы, ОМ, сабақ мақсаттары мен бағалау критерийлері таныстырылады.</td>
<td>І.Ұйымдастыру кезеңі:<br>«Амандасу» тренингі арқылы әрбір оқушылар бір- бірімен жақынырақ амандасады, жылы өзара қарым-қатынасын жасайды.Бірінші қарсы қарап тұрған адаммен қол беріп амандасады, сосын екінші белгі бергенде бір адамға жылжып келесі адаммен екі иығын түйістіріп амандасады. Үшінші белгі бергенде тағы бір саты жылжып келесі адаммен кол соғып амандасады. Осылай өзі алғашында тұрған адамға дейін осы үш амандасу түрін қайталайды.<br>«Мозайка» әдісі арқылы топқа бөлінеді.<br>«Иә,жоқ» әдісі арқылы үйге берілген тапсырмаға жауап береді.
<table>
<tr><th></th><th>Иә</th><th>Жоқ</th></tr>
<tr><td>Дауыссыз дыбыстар төртке бөлінеді</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Полиглот көп тіл білетін адам</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>«Көп тіл білген көпті ілер» нақыл сөз бе?</td><td></td><td></td></tr>
</table></td>
<td>ҚБ.<br>«Жарайсың!», Керемет!<br>Жақсы! сөздерімен бағалау<br><br>ҚБ. Бірін-бірі бағалау</td>
<td>Интерактивті тақта<br><br><br></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы 5 мин</td>
<td>«Ақпаратты анықта» әдісі<br>Мәтінді түсініп оқып, негізгі және қосымша ақпаратты анықтаңдар.</td>
<td>«Ақпаратты анықта» әдісі бойынша оқушылар мәтінді түсініп оқиды, негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды.<br>Ел мол жиналыпты: ақ сақалды қарттар, егде кісілер, жігіттер мен бозбалалар да жүр.<br>– Әне, келе жатыр... Әне, келе жатыр, – деп күбірлесе бастады жиналғандар.<br>Қасында пошта бастығы мен болыстық басқарманың бір топ жігіті бар орта бойлы, сұр шекпеннің өңірі ашық күйде, жалаңбас бір кісі келеді екен. Бәріміз де бар ықыласымызбен тесіле қарап қалыппыз. Ол төбешікке шыққан соң, төрдегі ақсақалдардың қолын жағалай алып шықты. Қалған топпен қолын кеудесіне қойып, бас иіп, ізетпен сәлемдесті.<br>– Армысыздар, ардақты қауым! – деді ол аздаған қарлыққан дауыспен. – Аман-есенсіздер ме, қадірменді қариялар! Дендеріңіз сау ма? Туған-туыстарыңыз, мал-жандарыңыз аман ба?<br>– Рақмет, қарағым Садық. Өзің де аман-есенсің бе?<br>– Денің сау ма, Садықжан?<br>– Балаларың өсіп жатыр ма, қарағым? – деп шалдар шетінен саулық сұрасып жатыр.<br>– Рақмет! – деді Садық ақ тістерін көрсете жымиып. – Әзірше аман-есенбіз...<br>(Бауыржан Момышұлы «Ұшқан ұя» повесінен үзінді 12-бет)</td>
<td>ҚБ. Өзін-өзі бағалау<br><br>ҚБ.<br></td>
<td>(Т.Н. Ермекова, Ж.К. Отарбекова, Р.Н. Мұнасаева «Қазақ тілі» 12-бет)</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **10 мин** | **ЕБҚ оқушы үшін:**<br>**«Сұрақ-жауап» әдісі**.<br>Мәтінді оқы,сұрақтарға жауап бер.<br><br>1. Мәтіндегі негізгі екі ақпаратты жаз.<br>2. Мәтіндегі қосымша екі ақпаратты жаз. | Негізгі ақпарат / Қосымша ақпарат<br>Мәтінді түсініп оқып, негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды.<br>**Дескриптор:**<br>-мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтайды;<br>-қосымша ақпаратты ажыратады;<br>**ЕБҚ оқушы үшін:**<br>**«Сұрақ-жауап» әдісі**. Мәтінді оқиды,сұрақтарға жауап береді<br>1. Мәтіндегі негізгі екі ақпаратты жаз.<br>______<br>2. Мәтіндегі қосымша екі ақпаратты жаз.<br>______<br>**Дескриптор:**<br>-мәтіннен негізгі екі ақпаратты табады;<br>-мәтіннен қосымша екі ақпаратты табады;<br><br>Оқушылар ережені оқиды, мысал келтіреді | **ҚБ**. «Түстер» Стикер<br><br><br>**ҚБ. «Мадақтау» әдісі** | |
| **15 мин** | **Тапсырма**<br>**«Әңгіме құрастыру» әдісі**<br>Үндестік заңын және орфографиялық нормаларды ескеріп, «Амандық жамандықты жеңеді» тақырыбында әңгіме жаз<br>**ЕБҚ оқушы үшін:**<br>**«Айта біл» әдісі**<br>Суреттерді пайдаланып, үндестік заңын және орфографиялық нормаларды ескеріп, «Амандасу әдебін» жазыңыз (50 сөз). | **Тапсырма**<br>**«Әңгіме құрастыру» әдісі**<br>Үндестік заңын және орфографиялық нормаларды ескереді, «Амандық жамандықты жеңеді» тақырыбында әңгіме жазады<br>**Дескриптор:**<br>-үндестік заңын және орфографиялық нормаларды сақтайды;<br>- әңгіме құрастырып жазады.<br>**ЕБҚ оқушы үшін: «Айта біл» әдісі**<br>Суреттерді пайдаланады, үндестік заңын және орфографиялық нормаларды ескереді, «Амандасу әдебін» жазады (50 сөз).<br><br>**Дескриптор:**<br>-үндестік заңын және орфографиялық нормаларды сақтайды;<br>-амандасу әдебін айтады | **ҚБ**<br> | https://cf2.ppt-online.org/files2/slide/o/oW5sOXtQmBFiLjqVSky8r3a74gelvMhRfCwucTJY9/slide-10.jpg |
| **Сабақтың соңы Рефлексия 6 мин.** | **Кері байланыс:**<br>**Бүгінгі сабақта**<br>Мен білдім..<br>Мен үйрендім..<br>Маған ұнады...<br>Мен үшін қиын болғаны...<br>Менің көңіл –күйім.... | **Кері байланыс:**<br>Бүгінгі сабақ бойынша алған әсерлерін кері байланыс арқылы беріп өтеді. | |  |
| **Оқу тапсырмасы 2 мин** | 7-тапсырма | Оқу тапсырмасы бойынша берілген тапсырманы түртіп алады. | | |

# «АЯЗ БИ» ЕРТЕГІСІНІҢ КЕЙІПКЕРЛЕР БЕЙНЕСІ



***ЖАНТУҒАН Сандуғаш Ерғарақызы,***
***Жұмагелді Егембердиев атындағы шағын жинақты негізгі орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалім. Педагог-сарапшы***
***Түркістан облысы, Отырар ауданы***

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 6.3.2.1.кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру | | | |
| **Сабақтың мақсаты** | Кейіпкерлер жүйесін заманауи жаңашылдығын өзара салыстыру<br>Кейіпкерлер жүйесінің жаңашылығына баға беру<br>**(ЕБҚ зияткерлік бұзылулары бар оқушы )**<br>Суреттер бойынша кейіпкерді анықтау.<br>Кейіпкерлердің заманауи жаңашылдығын айту | | | |
| **Бағалау критерийлері** | • Кейіпкерлер жүйесін заманауи жаңашылдығын өзара салыстырады<br>• Кейіпкерлерді жүйесінің жаңашылдығына баға береді<br>**ЕБҚ зияткерлік бұзылулары бар оқушы**<br>Сурет бойынша кейіпкерді анықтайды.<br>Кейіпкердің заманауи жаңашылдығын айтады | | | |
| **Сабақтың кезеңі/уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау критерийі** | **Ресурстар** |
| **Сабақтың басы Ұйымдастыру кезеңі 5 минут** | I Ұйымдастыру кезеңі<br>Сыныпқа жағымды ахуал қалыптастыру.<br>**«Жүректен- жүрекке»** әдісі<br>Оқушылар бір-бірінің көздеріне қарап тұрып, жылы сөздерін айтады.<br>**«Пішіндер»** әдісі бойынша үш топқа бөлемін.<br>**1-топ 2-топ 3-топ**<br> | Оқушылардың назарын сабаққа аудару<br>Жағымды ахуал қалыптастыру<br>Оқушыларды пішіндер арқылы топқа біріғеді | | 6-сынып Қазақ әдебиеті Арман –ПВ баспасы Авторы: С.Ч.Тұрсынғалиев В.Р.Зайкенова |
| **Алдыңғы білім 5 минут** | Оқушылардан үйге берілген тапсырманы пысықтау.<br>«**Кейіпкерлер рөліне еніңдер**» әдісі бойынша алдыңғы оқуды сұраймын.<br>Ол үшін тақтаға бірнеше дайын сұрақтарды жазып қойылды. Оқушылар сыныпқа кірген мезетте, оларға белгілі бір кейіпкерлер жазылған карточкаларды таратыңыз.Оқушылар кейіпкер рөліне еніп, сұрақтарға жауап берулері қажет.<br>Хан Уәзір Жаман | **«Кейіпкер рөліне ену»**<br>-Уәзірлерім! Сендер қырықтың да асып туған ақылды, данышпан едіңдер. Мен сендерді бір жұмысқа жұмсаймын, сендер маған дүниедегі адамның жаманын, шөптің жаманын, құстың жаманын тауып алып келіңдер. Сендерге бір ай уақыт беремін. | ҚБ «**Түстер**»<br>Өте жақсы<br>Жақсы<br>Жеткілікті | Карточкалар |
| **Сабақтың ортасы 5 минут** | Жаңа сабақ<br>Мұғалім сабақтың тақырыбы мен мақсатымен таныстырады<br>**«Аяз би» ертегісінің кейіпкерлер бейнесі**<br>***(А.Байтұрсыновтың бесінші қағидасына сүйене отырып, Баланың ішін пыстыратын біркелкі мағлұматтардан сақтану, лайықты сақтандыру, теңестіру, ұқсастыру, түрлі әдісті оңтаймен оқытуға, жандандыруға тырысу.)***<br>«**Мағынаны тану**» Балалар, кейіпкер, бейне, | **Мағынаны тану» Кейіпкер мен портрет туралы не білетінін айтады.**<br>Көркем шығармада суреттелетін адам. Ал портрет- әдеби | ҚБ «**Түстер**»<br>Өте жақсы | |

<table>
<tr>
<td>10 минут<br><br>5 минут<br><br>8 минут<br><br>4 минут</td>
<td>
портрет ұғымдары жайлы не білесіздер?<br><br>
Кейіпкер- көркем шығармада суреттелетін оқиғаға қатысушы адам, әдеби образ. Портрет- әдеби кейіпкерлердің сыртқы көрінісін, кескін-келбетін, бой – тұлғасы суреттеу<br><br>
1-тапсырма. «Баспалдақ» әдісі Топ болып кейіпкер обрызын жазады<br>
(PISA -3-4-деңгейі сызба, сурет, диаграмма, кесте, ақпарат<br>
«Ай, Аяз, баймын деп аспа, ханмын деп таспа, Аяз, әліңді біл, Құмырсқа жолыңды біл» деген нақыл сөз арқылы Аяз биге мінездеме, портрет жасаңдар.<br>

<br>
(В.Воронкованың екінші типология бойынша тапсырманы заттардың көмегімен бейнелеген кезде ғана саналы түрде орындайды) «Суретті таны» әдісі<br>
ЕБҚ оқушы;<br>

<br>
Дескриптор:
<ul>
<li>Кейіпкердің сыртқы бейнесі</li>
<li>Пікірі білдіреді</li>
<li>Мінезін сыйпаттайды;</li>
<li>Іс-әрекетін анықтайды</li>
<li>Кейіпкердің көңіл-күйін анықтайды;</li>
</ul>
2-Тапсырма Оқушыларға кесте беріледі сол кесте бойыншаоқушылар ертегідегі Аяз би мен бүгінгі күннің Аяз биін салыстыра отырып баға береді<br>
Жеке жұмыс «Т кестесімен» жұмыс
<table>
<tr><th>Ертегідегі Аяз би</th><th>Бүгінгінің Аяз биі</th></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="2">Кейіпкердің заманауи жаңашылдығын салыстырып баға беру</td></tr>
<tr><td colspan="2"></td></tr>
</table>
Дескриптор:<br>
Ертегідегі Аяз би туралы жазады<br>
Бүгінгінің Аяз биін жазады.<br>
Кейіпкерді заманауи жаңашылдығын салыстырып, баға береді<br>
ЕБҚ<br>
Инклюзивті білім беру келесі қағидаттарды негізге ала отырып<br>
2. Әр адам ойлауға және сезінуге қабілетті<br>
ЕБҚ оқушы<br>
«Суретті есінде сақта» әдісі бойынша оқушыға ертегі кейіпкерлердің суреттерін беремін, сол суреттерге байланысты оқушы заманауи
</td>
<td>
кейіпкерлердің сыртқы көрінісі, кескін-келбеті мен тұлғасын суреттеу<br><br>
Кейіпкер образы<br>
Мысалы:<br>
1.Мадан-хан,<br>
2.40 уәзірдің басшысы,<br>
3.Ашуланшақ<br>
4. Жылдам шешім қабылдауы<br>
5.Қатулы<br><br>
Суреттке қарап, оқушы берілген тапсырманы сурет бойынша, кейіпкердің сыртқы бейнесін заманауи жаңашылдығын айтады<br><br>
Жеке жұмыс<br>
«Т кестесімен» жұмыс оқушылар ертегі бойынша Аяз биге заманауи жаңашылдығын салыстырып, баға береді.<br>
Мысалы: Ертегіде жаман адам, кейін хан болып, ел бейлеуі. Бүгінгінің Аяз биі (Елбасы, әкім) екенін салыстыра отырып, баға береді<br>
«Суретті есінде сақта» әдісі бойынша ерекше білімді қажет ететін оқушы жауабы Аяз би ертегісіндегі хан мен қазіргі Елбасы мен әкім екенін айтады.
</td>
<td>
Жақсы<br>
Жеткілікті<br><br>
ҚБ Өзін-өзі бағалау<br>
Әр баспалдақ бойынша 1-балл алады
<table>
<tr><th>Сырт ббейнесі</th><th>Пікір, дәлел</th><th>Мінезі</th><th>Іс-әрекегі</th><th>Көңіл -күйі</th></tr>
<tr><td>1</td><td>1</td><td>1</td><td>1</td><td>1</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
ҚБ<br>

<br>
<br>
ҚБ «Керемет»<br>
«Жарайсың»<br>
«Жақсы»<br>
«Жетілдір»<br>
«Әттеген –ай»
</td>
<td>
Бағалау парағы<br><br>
Кесте<br><br>
https://www.youtube.com/wa<br>
https://www.youtube.com/watch?app=desktop&v=RV82rvYfqe0tch?app=desktop&v=RV82rvYfqe0<br><br>
Суреттер<br><br>
https://www.youtube.com/watch?app=desktop&v=RV82rvYfqe0
</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жаңашылдығын салыстырып, баға береді.<br><br><br>**Дескриптор;**<br>Сурет бойынша кейіпкерлерге заманауи жаңашылдығын салыстырады, баға береді | | | |
| **Сабақтың соңы**<br>**3 минут** | **Кері байланыс**<br><br>Бүгінгі сабақтан қандай ой түйдіңдер?<br>**Үйге тапсырма: «Ертегі еліне саяхат»** тақырыбында суреттер салу. Ертегі кейіпкерлерін заманауи жаңашылдығын салыстырып баға беру. | **ТІК ТОК әдісі бойынша оқушылар стикерге жазып, ұнады, пікір, ақпаратты бөліседі.**<br>-ұнады<br>-пікірім бар<br>ақпаратты бөлісемін |  | https://www.google.com/search?q=%D1%82%D0%B8%D0%BA%D1%82%D0%BE%D0%BA+%D3%99%D0%B4%D1%96%D1%81%D1%96 |

# ЭЛЕКТР ТОГЫ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛАДЫ?



***ЖАНТУГАНОВА Макпал Ергараевна,***
***Ж.Еділбаев атындағы №18 мектеп - гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі.***
***Түркістан қаласы***

| | |
|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 3.5.5.1 электр энергиясы көздерін анықтау;<br>3.5.5.2 қарапайым электр тізбегінің сызбасын жинау |
| **Сабақтың мақсаты** | **Барлық оқушылар:** электр энергиясы көздерін анықтайды және қарапайым электр тізбегінің сызбасын жинай алады.<br>**Көптеген оқушылар:** денелердің электрленуі туралы түсіндіре алады.<br>**Кейбір оқушылар:** тақырып бойынша сұрақтар құрастырып, жауап бере алады. |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастыру, өзін – өзі тексеру**<br><br>**8 мин** | <br>**«Фонарик» әдісі** арқылы топқа бөлу. | Психологиялық ахуал орындалады.<br><br>Топқа бөлінеді. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **1-топ: Электрлену**<br>**2-топ:Электр тогы**<br><br>**«Стоп кадр» әдісі** арқылы сабақты жүргізу.<br>**Өткен тақырыпқа шолу «Шыбын» әдісі:**<br>-Дыбыс деңгейінің қаттылығын өлшеу үшін қандай өлшем бірлігі қолданылады?<br>-Жапырақ сыбдыры неше дб?<br>-Метро пойызы неше дб?<br>-Ұшақ гүрілі?<br>-Адамдардың сөйлесуі неше дб?<br>-Шудың қалыпты деңгейі?<br>-Шаңсорғыш шуылы?<br>-Айқай неше дб?<br>**Оқу материалын жариялау**<br>-Электр тогы деген не?<br>-Электр тогының пайда болуы дегенді қалай түсінесіңдер?<br>-Электр тогы не үшін керек?<br>-Электр тогын пайдаланып көрдіңдер ме?<br>- Олай болса, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы қандай?<br>Сабақ мақсаты жария етіледі. | Сұраққа жауап береді. | **Дескриптор**:<br>Адамдардың дыбысты қалай пайдаланатыны туралы әңгімелейді-2балл.<br>Оқушыларды «Ауызша мадақтау» әдісімен бағалау.<br>Жауабын толықтыру, тиімді кері байланыс жасау. | |
| **Жаңа білім**<br>**15 мин** | **(Ұ) «Еркін әңгіме»** әдісімен орындалады. Дәптермен жұмыс болады.<br>А) **Мәтінді тізбектеп оқу**.<br>Ә) **«Wordwoll»** бағдарламасы арқылы орны ауысқан сөздерден дұрыс сөйлем құрастыру.<br>Б) Суретпен жұмыс:<br>-Бұл қандай құбылыс?<br>-Суреттерге қараңдар. Олардың арасында қандай байланыс бар? Түсіндіріңдер.<br>Осыған ұқсас құбылыстарды бұрын байқадың ба? Суреттерде бейнеленген құбылыстарды қалай атауға болады?<br>**Саралаудың «Тапсырма»** тәсілі жүзеге асады.<br>**Кейбір оқушыға:**<br>-Тақырып бойынша сұрақтар құрастырып, жауап бер.<br><br>**Сергіту сәті «Пирамида» әдісі.** | -Сөздікті жаттайды.<br>-Сұрақтарға жауап береді. | **Дескриптор:**<br>Сөздікті жазады, жаттайды-1балл.<br>- Электр тогының қалай пайда болатынын атайды-1балл.<br>- Заттардың арасында электрлену байланысы пайда болғанын анықтайды -1балл. | Оқулық<br>АКТ |
| **2 мин** | | Бір реттік стакандар арқылы пирамиданы бірлесе отырып құрастырады. | **Дескриптор:**<br>- Заттарды электрлендіру әдістерін қарастырады - 1балл.<br>- Адам электр тогын қайдан ойлап тапқанын анықтайды-1балл. | Түрлі заттар |
| **Бекіту**<br>**15 мин** | **(Т, Д) 2-тапсырмада тәжірибелік кезең** жүзеге асырылады.<br>А) **Зертте.**<br>-Заттарды қандай әдістермен электрлендіруге болады?<br>Ә) **Инфографикамен жұмыс.**<br>**Мозайканы құрастыру.**<br>-Суреттерге қараңдар. Адам электр | Шар мен әр түрлі маталарды үйкеп нәтижесін көрсетеді | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | тогын қайдан ойлап тапты?<br>-Суреттегі құралдар қалай аталады? Сен оларды қайдан кездестірдің?<br>-Электр тогымен жұмыс істейтін қандай құралдарды білесіңдер?<br>Б) Үйретілген жылан.<br>Достарыңа оқулықтағыдай тілалғыш жыланды жасап көрсетіңдер.<br>Неліктен жылан сызғышқа картылады? Оны қолдан жасау үшін не керек?<br>Б) Ойлан.<br>-Линолеум төселген еденге шаң неге тез жиналады?<br>В) **«Ара» әдісі** арқылы бір-біріне сұрақ құрастыру және жауап беру. | -Құрастырады.<br>-Сұраққа жауап береді.<br>-Мәтінді оқиды. | - Суреттегі құралдарды атайды-1балл.<br>тілалғыш жыланды жасап көрсетеді-1балл.<br>Линолеум төселген еденге шаңның тез жиналу себебін анықтайды-1балл. | <br> |
| **Кері байланыс 5 мин** | **Кері байланысты «СМС» әдісі** арқылы беріледі.<br>**Оқу тапсырмасы:** Мәтінді түсініп оқу. | Түсінгені туралы стикерге жазып іледі.<br>Тапсырманы жазып алады. | ҚБ қойылады.<br>**«Смарт сағат» әдісі** |  |

# ОТЫРАР КІТАПХАНАСЫ

***ИСЕТОВА Олмасхан Розбайовна,***
***Әмір Темір атындағы №3 жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.***
***Түркістан қаласы***

| | |
|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:** | 6.2.5.1 мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру;<br>6.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазу; |
| **Сабақтың мақсаты:** | - мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты табуға бағытталған сұрақтар құрастыру;<br>- оқылым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазу.<br>**ЕБҚ** ( жұмысқа қабілеті төмен)<br>- мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты табуға бағытталған сұрақтар құрастыру;<br>- оқылым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазу. |

**Сабақтың барысы**

| Сабақ кезеңі/ Уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы 3 минут** | **Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу.**<br>**«Есімдер аллитерациясы»** әдісі арқылы сыныпта, оқушылар арасында ынтымақтастық орта орнату.<br>**Топқа топтастыру**<br>I топ – «Тапқырлар»<br>II топ – «Білгірлер» | Сәлемдеседі.<br>Оқушылар шеңбер құрып,өзінің есімінің алғашқы әрпінен басталатын жағымды қасиеттерін айтады.<br>**«Тапқырлар»,«Білгірлер»** тобына топтасады. | Қошемет көрсету<br> | |
| **4 минут** | **Үй жұмысы**<br>**«Серпілген сауал»** әдісі арқылы өтілген тақырыптың түсіну деңгейін арттыру мақсатында сұрақтарға жауап беру. | **«Серпілген сауал»** әдісі арқылы өтілген тақырыптың түсіну деңгейін арттыру мақсатында қойылған сұрақтардан ықтимал жауаптар күтемін.<br>**Дескриптор:**<br>-сұрақтарға жауап береді. | ҚБ<br> | Интерак тивті тақта, смайликтер |

<table>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы<br>Кіріспе<br>5 минут</td>
<td>Қызығушылықты ояту.<br>«Миға шабуыл» әдісі арқылы алдыңғы сабақта меңгерілген білімді жаңа оқу материалдарымен ұштастыру мақсатында сұрақтарға жауап беру, өз ойларымен бөлісу.</td>
<td>«Миға шабуыл» әдісі арқылы алдыңғы сабақта меңгерілген білімді жаңа оқу материалдарымен ұштастыру мақсатында қойылған сұрақтары, өз көзқарастары және нақты жауаптары айтылады.<br>Дескриптор:<br>- сұрақтарға жауап береді.<br>-өз ойларымен бөліседі.</td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Жаңа сабақ.<br><br>6-минут<br><br>8-минут<br><br>12-минут</td>
<td>Жұптық жұмыс беру.<br>1 -тапсырма<br>«Кестені толтыру» оқылым мәтіні бойынша негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау; кестеге сай жазу.
<table>
<tr><td>Негізгі ақпарат</td><td>Қосымша ақпарат</td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
</table>
ЕБҚ ( жұмысқа қабілеті төмен)<br>Осы топтағы оқушыны мұғалімнің үстеліне жақын жерге отырғызамын, тапсырманы анық нақты нұсқау арқылы беремін.<br>1-тапсырма<br>Оқылым мәтіні бойынша негізгі және қосымша ақпараттарды тірек сөздердің көмегімен анықтау, кестеге жазу.
<table>
<tr><td>Ақпарат түрлері</td><td>Негізгі ақпарат</td><td>Қосымша ақпарат</td></tr>
<tr><td>Тірек сөздер</td><td>Отырар кітапханасы, Шыңғыс хан шапқыншы-лығы, Әбу Насыр әл Фараби,</td><td>Бұқаралық ғұлама, Рузбехан, орта ғасырлық еуропа, жинақ-талған, моңғол әскері,</td></tr>
<tr><td>Мысалы</td><td></td><td></td></tr>
</table>
<u>Топтық жұмыс</u><br><u>2- тапсырма</u><br><u>«Конверттегі сұрақтар»</u> <u>әдісі</u><br>І топ «Тапқырлар»<br>Мәтіннен негізгі ақпаратқа бағытталған сұрақтар құрастыру.<br>2-топ «Білгірлер»<br>Мәтіннен қосымша ақпаратқа бағытталған сұрақтар құрастыру.<br>ЕБҚ ( жұмысқа қабілеті төмен)<br>2-тапсырма<br>«Жауап бізден-сұрақ сізден» әдісі бойынша оң жақ бағандағы сөйлем жауабы болатын сұрақ құрастыру.
<table>
<tr><td>Мәтін бойынша сұрақ</td><td>Жауабы</td></tr>
<tr><td></td><td>Әбу Насыр әл Фараби Отырар кітапханасында сусындап өскен.</td></tr>
</table>
Жеке жұмыс.<br>3-тапсырма<br>«Еркін жазу» әдісі бойынша мәтіннен негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктеп, мезгіл үстеуді қолданып, «Отырар кітапханасы» тақырыбында жинақы мәтін жазу.</td>
<td>1-тапсырма бойынша<br>«Кестені толтыру» арқылы мәтіннен негізгі және қосымша ақпараттарды анықтайды және кестеге сай жазады;<br>Дескриптор:<br>-мәтінмен танысып, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтайды;<br>- кестеге сай жазады;<br>ЕБҚ ІІІ топ ( жұмысқа қабілеті төмен)<br>Дескриптор:<br>-мәтінмен танысып, кестеде көрсетілген тірек сөздердің көмегімен негізгі және қосымша ақпараттарды табады;<br>-кестеге жазады.<br><br>Топтық жұмыс<br>2-тапсырма<br><u>І топ «Тапқырлар» тобынан</u><br><u>Конверттегі сұрақтар»</u> <u>әдісі бойынша мәтіннен негізгі ақпаратқа бағытталған сұрақтар күтемін.</u><br>Дескриптор:<br>-мәтіннен негізгі ақпаратқа бағытталған сұрақтар құрастырады.<br>2-топ «Білгірлер»<br><u>Конверттегі сұрақтар»</u> <u>әдісі бойынша мәтіннен қосымша ақпаратқа бағытталған сұрақтар күтемін.</u><br>Дескриптор:<br>-мәтіннен қосымша ақпаратқа бағытталған сұрақ құрастырады.<br>ЕБҚ ( жұмысқа қабілеті төмен)<br>«Жауап бізден –сұрақ сізден» әдісі бойынша оң жақ бағандағы сөйлем жауабы болатын сұрақ құрастыруды бойынша тапсырма орындайды.<br>Дескриптор:<br>-берілген кестенің оң жақ бөлігіндегі жауапқа сай сұрақ құрастырады.<br>Жеке жұмыс.<br>3-тапсырма<br>«Еркін жазу» әдісі бойынша мәтіннен негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктеп, мезгіл үстеуді қолданып, «Отырар кітапханасы» тақырыбында жинақы мәтін жазады.<br>Дескриптор:<br>-мәтінен негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді, мезгіл үстеуді қолданып, жинақы мәтін жазады.<br>ЕБҚ ( жұмысқа қабілеті төмен)<br>«Еркін жазу» әдісі бойынша мәтіннен негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктеп, мезгіл үстеуді қолданып, «Отырар кітапханасы» тақырыбында шағын жинақы мәтін жазады.<br>Дескриптор:<br>-мәтінен негізгі ойды білдіретін</td>
<td>ҚБ «Бірін бірі бағалау.» «Тамаша», «Жақсы», «Ойлан»<br><br>ҚБ<br><br><br>ҚБ:<br>Топтар бірін-бірі бағалау. «Бағдаршам» әдісі<br><br><br>ҚБ<br><br><br>ҚБ<br>Мұғалім тарапынан бағалау</td>
<td>Т.Н.Ермекова Ж.К.Отарбекова Г.Б.Тоқтыбаева<br>Қазақ тілі<br>Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық «Арман –ПВ» баспасы ,2018 165-166 бет<br><br>Тірек кесте<br><br><u>Тірек кесте</u><br><br>Т.Н.Ермекова Ж.К.Отарбекова Г.Б.Тоқтыбаева<br>Қазақ тілі<br>Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық «Арман –ПВ» баспасы ,2018 165-166 бет</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **ЕБҚ** ( жұмысқа қабілеті төмен) **«Еркін жазу» әдісі** Мәтіннен негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктеп, мезгіл үстеуді қолданып, «Отырар кітапханасы» тақырыбында шағын жинақы мәтін жазу. | сөйлемдерді, мезгіл үстеуді қолданып,шағын жинақы мәтін жазады. | | Т.Н.Ермекова Ж.К.Отарбекова Г.Б.Тоқтыбаева **Қазақ тілі** Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық «Арман –ПВ» баспасы ,2018 165-166 бет |
| **Қорытынды 7 минут** | **«Шығу билеті»** әдісі арқылы кері байланыс жасайды Мұғалім формативті бағалауы бойынша қорытынды балын қояды. | | | |

# АСТАНА КЕЛБЕТІ - ҰЛТ КЕЛБЕТІ



***ИСМАИЛОВА Сайяра Мухтаровна,***
***Төле би атындағы жалпы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.Педагог- модератор***
***Түркістан облысы, Сауран ауданы***

| | |
|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 6.2.6.1. Оқылым стратегияларын қолдану, комментарий жасау, іріктеп оқу, рөлге бөліп оқу;<br>6.4.3.1. Неологизм,термин, диалект сөз, кәсіби сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата білу; |
| **Сабақтың мақсаты** | Оқылым стратегияларын қолданады,комментарий жасайды,іріктеп оқиды;<br>Неологизм сөздердің қолданыс аясын түсінеді және ажырата білу;<br>**ЕБҚ (есту қабілеті төмен)**<br>Оқылым стратегияларын қолданады комментарий жасайды. іріктеп оқу;<br>Неологизм сөздерді ажырату |
| **Бағалау критерийі** | - мәтінге қатысты оқылым стратегияларын қолданады;<br>-мәтінді іріктеп оқуда сөздердің мағынасын ашады;<br>-неологизм сөздерді ажыратады.<br>**ЕБҚ( есту қабілеті төмен)**<br>-оқушы оқылым стратегияларын қолданады, комментарий жасайды, іріктеп оқиды,<br>-неологизм сөздерді ажыратады |
| Ойлау дағдылары | Түсіну,қолдану, білу |

Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңі/ уақыты** | Педагогтің іс-әрекеті | Білім алушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | І Ұйымдастыру кезеңі<br>1.Сәлемдесу<br>2.Түгендеу<br>3.Ынтымақтастық атмосферасы **«Жымию»** тренингі | Оқушылар отырған бойда парталасына күлімдеп жымию арқылы, жылулық сыйлайды. | | 6- сынып. Қазақ тілі Т.Н.Ермекова |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастыру кезеңі**<br>**2 минут**<br><br>**Алдыңғы білім**<br>**3 минут**<br><br>**Топқа біріктіру және ой шақыру сұрақтары**<br>**4 минут** | Оқушылар жұптасып,бір-біріне күлімдеп жымию арқылы жылулық сыйлау.<br>Үй тапсырмасын сұрау<br>**«Лездеме»** әдісін<br>Алдыңғы білім ***Kahoot*** бағдарламасы арқылы өткен сабақты пысықтау. Жалпы 3 минут ішінде 5 тест тапсырмасы беріледі. Әр сұраққа 2 ұпаймен бағаланады.<br><br>Топқа біріктіру.<br>**«Саяхат»** әдісі арқылы.<br>Бәйтерек, Ханшатыр, Думанның суреттері бейнеленген қима қағаздарын партаға шашып қою,оқушылар саяхаттағысы келетін орынның суретін таңдау.<br>І-топ Бәйтерек<br>ІІ-топ Ханшатыр<br>ІІІ-топ Думан<br>**«Назар аудар»** әдісі<br>Ой шақыру сұрақтарын қою.<br>***(А.Байтұрсынұлы ұсынған оқытудың 3 қағидасы негізінде*** | Оқушылар Kahoot бағдарламасын пайдалана отырып, өткен сабақты пысықтайды.<br><br>Тест тапсырмаларын орындайды<br><br>Өз-өздерін бағалау<br><br>«Саяхат» әдісі арқылы<br>оқушылар өздері саяхат жасағысы келетін орындардың суретін алады,осылайша топқа бірігеді. | <br><br>Өз-өзін бағалау | Ж.К.Отарбекова<br>Г.Б.Тоқтыбаева<br><br>https://edu.mcfr.kz/article/660-qqq-16-m4-22-04-2016-md-ny-zn-z-baalau-kriteriyler<br><br>Сілтеме кахот<br><br> |
| | ***Сабақты алдын ала даярлайтын сұраулар қою арқылы ынтасын арттыру.***<br>***Функционалдық сауаттылық PISA 2-деңгей болжам жасауға құрылған сұрақтар)***<br>1.Астана туралы не білесіңдер?.<br>2.Астана қаласы қай жылдан бастап Қазақстан Республикасының астанасы болды?<br>3.Қандай атақты ғимараттар мен мәдениет орындарын білесің?<br>4.Сен Астанада болдың ба?<br>Кері байланыс **«Бас бармақ»** әдісі<br>**Жаңа сабақ:**<br>**Астана келбеті –ұлт келбеті**<br>**Мұғалім түсіндірмесі**<br>**Комментарий жасап оқу** стратегиясы арқылы автордың айтпақ болған ойын, мәтіннің кімдерге арналғандығын анықтау, мәтінді жазудағы мақсатын түсіну,мәтінге оз ойын білдіру.<br>**Неологизмдер дегеніміз** – тілде қоғамның және түсініктердің дамуына байланысты пайда болған жана сөздер жиынтығы. Осы неологизмдерді аудару технологиясы аударма тәжірибесінде өте маңызды мәселе болып табылады. | **«Назар аудар»** әдісі арқылы ой шақыру сұрақтарына жылдам жауап береді.<br>Ой шақыру стратегиясы — сабақ барысында оқушының есте сақтау және жадыларының қабілетін сұрыптап, байқау үшін арналған стратегия<br><br>Сұрақтарға нақты әрі тиянақты жауап береді<br><br>Комментарий жасап оқу стратегиясы арқылы автордың айтпақ болған ойын, мәтіннің кімдерге арналғандығын анықтау, мәтінді жазудағы мақсатын түсіну.<br>Жаңа тақырыпты меңгереді | Қалыптастырушы бағалау<br> | <br><br>https://bilimainasy.kz/wp-content/uploads/hello_html_239c1983-463x330.png<br><br>https://images.app.goo.gl/sNn2HY46Nu9wJAEW9<br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың ортасы Жаңа сабақ 8 минут**<br><br><br>**1- тапсырма 7 минут** | ***(В.Воронкованың екінші типологилық ерекшеліктері бойынша тапсырмаларды орындау)***<br><br>**«Түртіп отыру немесе мәтінге түсіндірме бер»** әдісі. Оқу барысында қалам қолданып, тірек сөздердің астын сызады, таныс емес сөздерді анықтайды.<br>**1-тапсырма (Топпен жұмыс)**<br>**Мәтінді мұқият оқыңыз. Негізгі тірек сөздердің астын сызыңыз.**<br>I-топ<br>**АСТАНА- болашақтың қаласы.**<br>II-топ<br>**АСТАНА — Қазақстанның саяси ерік-жігерінің нышаны.**<br>III-топ<br>**АСТАНА-елімнің жүрегі.**<br>Дескриптор:<br>-мәтіндегі тірек сөздің астын сызады;<br>-оқылым стратегияларын комментарий жасап оқиды;<br>-неологизм сөздерді ажыратады;<br>***(Функционалдық сауаттылық PISA 1-деңгей Тапсырма ақпаратты анықтау,суретпен байланысты тапсырма)***<br>**«Түртіп ал»** әдіс<br>-ЕБҚ оқушы үшін;<br>***ЕБҚ ( есту қабілеті төмен). Тапсырманы орындау кезінде қосымша практика беріледі. Топ ішінде оқушылардың қолдау білдіруіне мүмкіндік беруді қарастырамын. (Инклюзивті білім беру.7-қағидат)***<br>Дескриптор:<br>- мәтіндегі тірек сөздің астын сызады;<br>-оқылым стратегияларын комментарий жасап оқиды;<br>-неологизм сөздерді ажыратады;<br>**2- тапсырма**<br>**(жеке жұмыс)**<br>**«Айтар болсам» әдісі**<br>**Мәтінді оқып,комментарий жасаңыз. Мәтінге айтар ойыңызды стикерге жазып,тақтаға жабыстырыңыз.** | **Топтық жұмыс**<br>**«Түртіп отыру немесе мәтінге түсіндірме беру»** әдісімен мәтінді мұқият оқиды. Оқу барысында қалам қолданып,тірек сөздердің астын сызады, рнеологизм (таныс емес сөздерді) анықтайды.<br><br>ЕБҚ оқушы өзіне арнайы берілген мәтінді іріктеп оқып,неологизм сөздерді ажыратады.<br><br>ЕБҚ оқушы<br>- мәтіндегі тірек сөздің астын сызады;<br>-оқылым стратегияларын комментарий жасап оқиды;<br>-неологизм сөздерді ажыратады;<br><br>-мәтінді оқиды,комментарий жазады;<br>-стикерге жазылған комментарийді тақтаға жабыстырады; | Қалыптастырушы бағалау<br><br>**«Өзара»** бағалау парағы арқылы топ оқушылары өздерін бағалайды.<br><br>Қалыптастырушы бағалау | https://bilimger.kz/106251/<br><br>https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%94%D0%B8%D0%B0%D0%BB%D0%B5%D0%BA%D1%82<br><br>https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%94%D0%B8%D0%B0%D0%BB%D0%B5%D0%BA%D1%82<br><br>https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD%D0%B0<br><br>https://massaget.kz/layfstayl/ale |

<table>
<tr>
<td>2тапсырма<br>7 минут<br><br>Сергіту сәті<br>2 минут<br><br>3-тапсырма<br>7 минут<br><br>3 минут<br><br>Сабақтың соңы<br>2 минут</td>
<td>Дескриптор:<br>-мәтінді оқиды,комментарий жазады;<br>-стикерге жазылған комментарийді тақтаға жабыстырады;<br>ЕБҚ оқушы<br>-мәтінді оқып комментарий жазады;<br>-жазған комментарийді тақтаға жабыстырады;<br>(Инклюзивті білім беру.6-қағидат: есту жүктемесінен аулақ ету, жазбаша тапсырма беру)<br>Сергіту сәті<br>«Сазды сәлем» әдісі арқылы Алтынай Жорабаеваның «Елімнің жүрегі - Астана» әнінен караоке.<br>3-тапсырма (жұппен жұмыс) «Қорапша» әдісі<br>Мәтінінен неологизмді ( жаңа сөздерді) ажыратып кестеге жазыңыз.<br>(Функционалдық сауаттылық PISA -3-4-деңгейі сызба, сурет, диаграмма, кесте, ақпарат.)<br>ЕБҚ оқушы«Дұрыс,бұрыс» әдісі<br>Кестеде берілген сөздерден неологизм сөздерді табады.<br>Дескриптор:<br>-мәтінді оқиды;<br>-неологизм сөздерді ажыратады;<br>-кестеге жазады:<br>ЕБҚ оқушы.<br>-неологизм сөздің дұрыс-бұрыстығын анықтайды<br>(Инклюзивті білім беру.5-қағидат: ауызша түсініктемелерді схемалармен толықтыру )<br>Бағалау: Формативті бағалау<br>Үйге тапсырма. Үй тапсырмасы ретінде оқулықтағы 11-тапсырма..<br>«Астана -мақтанышым» деген тақырыпта эссе жазады.<br>Дескриптор:<br>-эссе құрылымын сақтайды<br>-100-150 сөз көлемінде жазады<br>-неологизм сөздерді қолданады</td>
<td>ЕБҚ оқушы<br>-мәтінді оқып комментарий жазады;<br>-жазған комментарийді тақтаға жабыстырады;<br><br>Теледидардан көрсетілген «Елімнің жүрегі Астана» әнінің караокесіне қосылып ән шырқайды.<br>«Қорапша» әдісі арқылы мәтін ішінен неологизм сөздерді ажыртып алады және жазады.<br>Этнос<br>Мануғент<br>Кесін<br>ассамблея
<table>
<tr><td>Неологизм сөздер</td><td>Дұрыс</td><td>Бұрыс</td></tr>
<tr><td>Символ</td><td>+</td><td></td></tr>
<tr><td>Аңыз</td><td></td><td>+</td></tr>
<tr><td>Мұнара</td><td>+</td><td></td></tr>
<tr><td>Футуристік</td><td>+</td><td></td></tr>
<tr><td>Шатыр</td><td></td><td>+</td></tr>
</table>
Үйге берілген тапсырманы дәптерге белгілеп алады. 100-150 сөз көлемінде эссе жазады.Эссе жазу барысында неологизмді қолданады.<br>ЕБҚ оқушы неологизмді қолданып шағын мәтін құрайды</td>
<td>
<br><br>Қалыптастырушы бағалау «Пилус минус»<br><br><br>Формативті бағалау<br>
<br>ЕБҚ оқушыны смайликтер арқылы бағалаймын</td>
<td>mtanu/syrly-alem/52939/<br><br>https://massaget.kz/blogs/4204/<br><br>https://surak.baribar.kz/586690/<br><br>https://images.app.goo.gl/Wd6KozBDQzFkSmsw9<br>
<br>https://images.app.goo.gl/DjUvbeW25LttwzqZ7<br><br>https://images.app.goo.gl/XMiYoHpbyU6B1QDW7<br>https://www.youtube.com/watch?v=hR4YcaEWoTQ<br>https://images.app.goo.gl/fCT9kwcv8beKdJdG9<br>https://www.google.com/url?sa=i&url=https%3A%2F%</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **ЕБҚ оқушы**<br>«Астана – мақтанышым» тақырыбында шағын мәтін жазады.<br>неологизм қолданады.<br>**Кері байланыс**<br>**«Тик-ток» әдісі**<br>**Ұнады:..........................................**<br>**............................................**<br>**Айтарым бар:...............................................**<br>**............................................**<br>**Достарыммен бөлісемін:....................................**<br>**............................................**<br>**Есіме сақтадым:....................................**<br>**............................................**<br><br> | | | |

# ЕРБОЛАТ ӘБІКЕН «ПӘТЕР ІЗДЕП ЖҮР ЕДІК» ӘҢГІМЕСІ



***МЕНЛИБЕКОВА Жалгас Керимбековна,***
***Некрасов атындағы №9 мектеп-гимназияның***
***қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.Педагог зерттеуші***
***Түркістан қаласы***

| | |
|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 11.1.3.1. көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету;<br>11.2.3.1 шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдау. |
| **Сабақтың мақсаты** | Әңгіме кейіпкерлерін мінез-құлқына, іс-әрекетіне қарай жинақтап, даралау арқылы өмір шындығын көрсету.<br>Шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдау.<br>**ЕБҚ (есту, сөйлеу ақпаратын өңдеу қиындықтары )**<br>Кейіпкерлерді сипаттайды, кесте толтыру;<br>Шығарма идеясын және көркемдегіш құралдарды табу. |
| **Бағалау критерийі** | Әңгіме кейіпкерлерін мінез-құлқына, іс-әрекетіне қарай жинақтап, даралау арқылы өмір шындығын көрсетеді.<br>Шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдайды<br>**ЕБҚ арналған бағалау критерийі.**<br>Кейіпкерлерді сипаттайды, кесте толтырады;<br>Шығарма идеясын және көркемдегіш құралдарды табады. |
| **Ойлау дағдыларының деңгейі** | Түсіну, талдау, қолдану, жинақтау |

| **Сабақтың кезеңі** | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы. 10 минут** | Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу. | Оқушылар шеңбер болып тұрып, бір-біріне суретті байланыстыра отырып, ерекше тілектер айтады. Мысалы, сағат | Смайлик арқылы бағалау. | Сағат, зәулім үй, кітап, саяхат, т.б суреттер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | «**<u>Креативті тілек»</u>** **<u>әдісі</u>** арқылы сабақты ерекше тілек айтудан бастаймыз. Ол үшін оқушыларға түрлі суреттер беріледі. Сол суретпен байланыстырып тілек айту ұсынылады. Бұл тапсырма оқушылардың тапқырлық, ерекше шешім шығару қабілеттерін шыңдайды. | суреті келсе, «Уақытың берекелі болсын!»<br>Кітаптың суреті келсе, «Кітап оқуға зейінің ашылсын!» немесе «Кітап көп оқитын білімді бол!» дегендей тілектер ойлап табады. Бұл әдісте жылдамдық және ерекше тілек айта білуге басымдық беріледі. Ең креативті тілек айтқан оқушыға «Ең тапқыр!» номинациясы беріледі. | <br> | https://naivmir.ru/product/nabor-emoczij-smajliki/<br>https://aspdom.com/storage/original/56/55095.jpg<br>https://pin.it/RvXXji7<br>https://depositphotos.com/ru/editorial/travel-the-world-monument-concept-54856269.html<br>https://klike.net/uploads/posts/2019-01/1547713403_3.jpg |
| | **Үй жұмысы.**<br>Баққожа Мұқайдың «Өмірзая» романы.<br>«Ғажайып төрттік» әдісі.<br>Оқушылар төртеуден топтасады. Әр топқа роман бойынша жеке тапсырма беріледі. Әр топтан талқылай отырып, ортаға бір өкілі шығып, сұрақтардың жауабын жазады | 6 топқа берілген тапсырмалар.<br>1. Шығарма неліктен «Өмірзая» аталды? 5 себебін жазыңыз.<br>2. Аяған Куатовтың тағдырын динамикалық карта арқылы талдаңыз.<br><br>3. Отаршылдық саясаттың қазақ рухани әлеміне жасаған қиянаты романда қалай көрініс тапқан? Бес факті жазыңыз.<br>4. Кейіпкер және заман шындығын қалай байланыстыруға болады? | | |
| **Сабақтың ортасы 30 минут.** | **<u>Қызығушылық ояту.</u>**<br>**Айтылым және тыңдалым дағдысы.**<br>**«Шымылдық сұрағы» арқылы тақырыпқа қызығушылықты ояту.**<br>Е.Әбікеннің «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесімен оқушыларға үйде танысып келуге бергенмін. Қазір кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінезі көрініс тапқан тұстарын белгілеп, тауып оқимыз. Оқылым стратегиясы жүзеге асады. 3 топтан 1 оқушы оқиды. Басқа оқушылар тыңдайды. Соңынан талқылау болып, кестені толтырады. | 5. «Өмірзая» романы сізге қандай ой салды? Ойыңызды жинақтап шағын эссе жазыңыз.<br>6. Автор бұл романы арқылы қандай идея айтқысы келді? Автор көтерген мәселе қазір өзекті ме?<br>Оқушылар болашақ үйлерін сипаттайды. Бұл тапсырма арқылы тақырыпты ашуға басымдық беріледі.<br>**Сіздер болашақта қандай үйде тұрғыларыңыз келеді?**<br>**<u>1-топ</u>. Жинақтайды.** Кейіпкерлердің іс-әректетін, мінез-құлқын суреттейтін тұстарын тауып жазады.<br>**<u>2-топ.</u> Даралайды.** Шығарма кейіпкерлерінің адамдық қасиеттеріне талдау жасайды.<br>**<u>3-топ</u>. Байланыс орнатады.** Өмір шындығымен қандай байланысы бар? Жалпы шығармада көтерілген мәселе қазір өзекті ме, өмір шындығын қалай бере білген?<br><br>Әр топ өз бағандарын мұқият толтырып болғаннан соң жалпы талқылау болады. Талқылауда оқушылар өз жазғандарын дәлелдейді. | **Дескриптор:**<br>1. Кейіпкерлер-ді мінез-құлқына, іс-әрекетіне қарай жинақтайды, дара қасиетін табады.<br>2. Кейіпкерлер әрекетінен өмір шындығын табады. | Сілтеме:<br><br>https://ult.kz/post/erbolat-abikenuly-pater-izdep-zhur-edik-angime |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Оқушылар 3 топқа бөлінеді.<br>Жаңа білім. 1-тапсырма.<br><u>«Кейіпкерлер әлемі» әдісі</u> арқылы шығармадағы кейіпкерлерді топта талқылап, оны кестеге түсіреді. Екі топқа кесте беріледі.<br><br><u>ЕБҚ. «Орнын тап!» әдісі.</u><br>
<table><tr><td>Кейіпкерлерді жазыңыз.</td><td>Оларды сипаттаңыз.</td></tr></table>
<br>Есту, сөйлеу ақпаратының бұзылуы болғандықтан, ауызша ақпаратты баяу, анық түсіндірдім. Бұл оқушы кейіпкерлерді өзі табады, бірақ олардың сипаттамасы дайын күйінде беріледі. Оқушыға оны шығарма мазмұнына сай орналастырып шығу ұсынылады.</td>
<td>Сипаттамасы: аянышты, салы суға кеткен, өз өміріне көңілі толмайтын, адуынды, қатігез, тым талапшыл, ашулы, алаяқ, қанағатсыз.</td>
<td>Дескриптор<br>1. Кейіпкерлерді табады.<br>2. Оларды сипаттайды.</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td></td>
<td>
<table>
<tr><td>Кейіпкерлер:</td><td>Іс-әрекет, сөйлеу мәнері</td><td>Мінезі, адамгершілігі</td><td>Өмір шындығы. Бұндай кейіпкерлер кездестірдіңіз бе?</td></tr>
<tr><td>Пәтәр жалдаушы ерлі-зайыпты</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Делдал әйел</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Пәтер қожайыны ұйғыр әйел</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Қайын аға</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Жарнама арқылы сөйлескен пәтер иесі</td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>2-тапсырма.<br><u>«Байланыс» әдісі</u>.<br><u>PISA 5-6 деңгей.</u><br><u>Сипаттамасы:</u><br>• Жасалу жолын анықтау арқылы ақпаратты жинақтау;</td>
<td>1. Автор бұл шығарманы жазудағы басты мақсаты неде?<br>2. Берілген кесте мен шығармадан алынған үзінділер негізінде көркемдегіш құралдардың қайсысы екенін дұрыс орналастырыңыз.</td>
<td>Дескриптор:<br><br>1. Шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдайды</td>
<td>
</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | • Мәтін логикасы мен тілдік ерекшелігін түсіне алу<br>• Нақты білімге және тұжырымдамаға сүйеніп, болжам (гипотеза) арқылы бағалау.<br>Шығарманың идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдау үшін оқушылар әр топта мына сызбаны түсіндіру жолын талқылайды.<br>1. Оқушылар шығармадан көркемдегіш құралдар | «**Құмырсқаның илеуінше қайнаған** жетім бұрыштан бізге лайық пәтер табылмады.<br>**Ай мен күндей** жарқыраған сұлу келіншек, ешкімнің қолы жетпеген, менің ғана қолым жеткен сұлу келіншек, **үріп ауызға салардай** аппақ сұлу келіншек көз алдымда жылап отыр. **Мен оны жылату үшін алып па едім?!** Оның көз жасы менің жүрегіме, жүрегімнің ішіндегі **өзекке тамшылап жатқандай».** | Дескриптор: Шығарма идеясын және көркемдегіш құралдарды табады. | Әдебиет теориясы негіздері.<br>https://bilim-all.kz/jospar/3064-Adebiet-teoriyasy-negizderinin-qoldanys-ulgileri |
| | қолданған тұстарын табады.<br>2. Оның шығарма идеясын қалай беріп тұрғанын талқылайды.<br>**ЕБҚ. «Көркем идея» әдісі.**<br>**Бұл оқушыға әдебиет теориясынан нақты кесте беріледі. Шығармадан үзінділер дайын күйінде беріледі. Сол берілген мысалдардан көркемдегіш құралдарды табады. Оқушы оны дұрыс орналастырып шығады.** | | | |
| | 3-тапсырма.<br>**«Көшбасшы» әдісі** арқылы мәселені зерттеп, дамыған елдерде бұл мәселені қалай шешетінін талқылап, мына сұрақтарға жауап іздейді.<br>1-топ. Қазақстанда пәтер жалдау мәселесін шешу үшін қандай шаралар жасау қажет? Өзге дамыған елдерде бұл мәселені қалай шешкен?<br>2-топ. «Бұл мәселе туындауына жастардың әрекетсіздігі немесе жалқаулығы» деген пікірмен келісесіз бе?<br>3-топ. Егер сіз ел | Оқушылар үш топқа бөлінеді. Әр топтан көшбасшы сайланады. Әр топ өзіне берілген сұрақты талқылап, бір шешімге келеді. Талқылау нәтижесінде ортақ шешім ұсынып, әр топтың көшбасшысы өз ой тұжырымдарымен бөліседі. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | басқарушысы болсаңыз бұл мәселені қалай шешер едіңіз? | | | |
| **Сабақтың соңы. 5 минут** | Кері байланыс.   | Әр топ шығармадан алған әсерлері мен ойларын стикерлерге жазып,осы баспананы құрастырады | | |
| | Үйге тапсырма: «Үйлену оңай,үй болу қиын» мақалдың мағынасын ашып,түсіндіру | | | |
| | Топтарды марапаттау | | | |

# ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ ДӘСТҮРЛЕРІ



***МЫРЗАГАЛИЕВ Алимтай Мырзагалйевич,***
***Әл-Фараби атындағы №14 эстетикалық-лингвистикалық бағытындағы мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Педагог- модератор***
***Түркістан облысы, Кентау қаласы***

| | |
|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 10.1.3.1 мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси) талдай отырып, негізгі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен байланыстыру;<br>10.4.1.1 мән-мәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу. |
| **Сабақтың мақсаты** | - Мәтінде көтерілген мәселені талдайды, негізгі ойды анықтау, ғаламдық мәселелермен байланыстыру;<br>- Әдеби тіл нормаларын білу;<br>- Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу.<br>**ЕБК**<br>(зейіні төмен бала) оқылған мәтін негізінде өз көзқарасын жазу; |
| **Бағалау критерийі** | - Тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстырады;<br>- Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды;<br>- Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады.<br>**ЕБК**<br>- мәтін бойынша тұжырым жасап, (зейіні төмен бала) өз ойын жазады;<br>- сөздердің жазылуын тілдік бағдарға қарап, сөйлем құрастырады; |
| **Ойлау дағдыларының деңгейі** | Түсіну, қолдану, талдау |

**Сабақ барысы**

| **Сабақ кезеңі/ уақыты** | **Педагогтің іс-әрекеті** | **Білім алушының іс-әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>**Қызығушылықты ояту**<br>**5 мин** | **Ұйымдастыру кезеңі:**<br>1. Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу. 2. Психологиялық жағымды ахуал туғызу<br>**«Өз жұбыңды тап» жаттығуы**<br>Қатысушылар шеңбер құрап отырады. Мен сіздерге жемістердің аттары жазылған текшелер таратып беремін. Атаулар екі текшеде қайталанған. Мысалы, егер сіздің қолыңызда жүзім деп жазылған болса, сіз тағы біреудің қолында сондай текше бар екенін біліңіз<br><br>**Қызығушылықты ояту**<br>**Жұмбақтың шешуін тап**<br>*Оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсатымен таныстырады.* | **І.Ұйымдастыру кезеңі:**<br>Оқушылар амандасады. Психологиялық жағымды ахуал туғызу<br>**«Өз жұбыңды тап» жаттығуы**<br>Сіздің текшеңізде не жазылғанын оқыңыз. Жазуды сіз ғана көруіңіз керек. Енді текшені жинап қойса болады. Әрқайсысыңыздың міндеттеріңіз өз сыңарыңызды табу. Бірақ, сөйлеспейсіздер, өзіңіздің жемістерге тән әртүрлі қимылдар арқылы кез-келген әрекетті үнсіз жасайсыз.<br>Аспай піскен,<br>Қайнамай түскен.( Жеміс)<br>Қыста – мазар,<br>Жазда – базар. (жүзім) | ҚБ.<br>«Жарайсың!», Керемет! Жақсы! сөздерімен бағалау | |

<table>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы Мағынаны ашу.<br>15 мин.</td>
<td>Мұғалімнің түсіндірмесі<br>Детальді түрде оқу – әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқу<br>Негізгі ақпарат дегеніміз мәтінге негіз болатын ақпарат. Онсыз мәтін дұрыс болмайды.<br>Қосымша ақпарат мәтінге қосымша болатын ақпарат , дәл негізгі ақпарат сияқты маңызды емес тек негізгі ақпаратты толықтырады<br>Жұптық жұмыс<br>№1 тапсырма: «Танысу үшін оқу және сканерлеу» әдісі<br>Мәтінді детальді түрде оқып, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтаңыз.<br>1-деңгей PISA мәтіннен негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау, түсіндіру<br><br>ЕБҚ оқушы үшін: «Ақпаратты анықта» әдісі<br>Мәтінді детальді түрде оқып,мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықта</td>
<td>№1 тапсырма: «Танысу үшін оқу және сканерлеу» әдісі<br>Мәтінді детальді түрде оқып, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтаңыз.<br><br>Ғалымдар адам ағзасына ең пайдалы жемісті анықтады. Ол – дәрумендерге және денсаулыққа қажетті, өзге де заттарға өте бай қара қарақат болып шықты.<br>
<table><tr><td>Негізгі ақпарат</td><td>Қосымша ақпарат</td></tr><tr><td></td><td></td></tr></table>
ЕБҚ оқушы үшін: «Ақпаратты анықта» әдісі<br>Мәтінді детальді түрде оқып, мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықта<br>Алманың құрамында С, В1, В2, Р, Е дәрумендері мен марганец, калий, кальций, фосфор, натрий, молибден, мырыш, барий микроэлементтері бар. Алмадағы темір қан айналым жүйесіне өте қажет.
<table><tr><td>Негізгі ақпарат</td><td></td></tr><tr><td>Қосымша ақпарат</td><td></td></tr></table>
</td>
<td>ҚБ Екі жұлдыз, бір тілек<br>Дескриптор:<br>- мәтіндегі негізгі ақпаратты анықайды;<br>-мәтіндегі қосымша ақпаратты анықтайды<br><br>ЕБҚ оқушы үшін:<br>ҚБ<br>Дескриптор:<br>- мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтайды</td>
<td>https://znanija.com/task/52202349<br><br>Ақпарат дереккөзі:<br>https://massaget.kz/layfstayl/Zdorove/36081/<br><br>Ақпарат дереккөзі:<br>https://massaget.kz/layfstayl/Zdorove/22400/</td>
</tr>
<tr>
<td>5 мин</td>
<td>Есте сақта!<br>Мұғалімнің түсіндірмесі<br>Омонимдер (гр. homos – біркелкі, onyma – есім) —мағына жағынан да басқа-басқа, айтылуы және жазылуы бірдей сөздер.<br>Омоним сөздерді көп мағыналы сөздерден ажырату қажет. Өйткені бұлардың үйлестігінен гөрі айырмашылықтары көбірек. Қазақ тілінде ат деген түрде біріне-бірі байланысы жоқ, екі-үш түрлі сөз бар.<br>1. Ат – жұмыс көлігі;<br>2. Ат – есім, атау;<br>3. Ат – етістік (бұйрық рай).</td>
<td>Есте сақта!<br>Ережемен танысады, мысал келтіреді</td>
<td>ҚБ<br>Ауызша бағалау:<br>«Тамаша жауап»,<br>«Жарайсың»,<br>«Жақсы»,<br>«Жауабың қуантады»,<br>«Тағы бір ойланып көр»</td>
<td>https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9E%D0%BC%D0%BE%D0%BD%D0%B8%D0%BC</td>
</tr>
<tr>
<td>13 мин</td>
<td>№2 тапсырма. «Омоним» ойыны<br>1. Омоним сөздерді теріп жаз.<br>2. Омонимдердің мағыналарын нақтылайтын бірнеше сөйлем құрастырып жаз<br><br>ЕБҚ оқушы үшін: «Сөйлем құрастыру» әдісі<br><br>«Ат» деген сөздің әртүрлі мағынасы бойынша сөйлем құрастыр</td>
<td>№2 тапсырма: «Омоним» ойыны<br><br>---------------------------------<br>---------------------------------<br>---------------------------------<br>---------------------------------<br>---------------------------------<br>---------------------------------<br>---------------------------------<br>---<br><br>ЕБҚ оқушы үшін: «Сөйлем құрастыру» әдісі</td>
<td>ҚБ<br>Дескриптор:<br>-омоним сөздерді теріп жазады;<br>- берілген сөз бойынша сөйлем құрастырады<br>- омонимдерді көркемдік ерекшіліктеріне сай қолданады<br><br>ЕБҚ оқушы үшін:</td>
<td>https://www.zharar.com/kz/takpak/7176-omonim.html</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Бұл тапсырмада оқытудың инклюзивті стратегиялары мадақтаудың түрлі тәсілдерін қолдану. Инклюзивті білім беру 4 – қағидаты Нағыз білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады | «Ат» деген сөздің әртүрлі мағынасы бойынша сөйлем құрастырады.<br>1. Ат – жануар мағынасында.___________ _________2. Ат – кісінің есімі | **ҚБ «Мадақтау»**<br>**Дескриптор:**<br>- Сөйлем құрастырады | |
| | | мағынасында.___________ _________ | | |
| **Сабақтың соңы**<br>**Рефлексия**<br>**5 мин.** | **Ой қорыту**<br>«Егер, онда, өйткені» әдісі<br>*Үлгі:*<br>*Егер жемістерді үнемі жесеңіз,*<br>*Онда ешқашан ауырмайсыз.*<br>*Өйткені, жемістер дәрумендерге бай.* | **Ой қорыту**<br>«Егер, онда, өйткені» әдісі | Сындарлы кері байланыс | |
| **Оқу тапсырмасы:2 мин** | Жемістің пайдасы туралы омоним қатыстыра отырып, мәтін жазыңдар | | | |

# МАРАТ ҚАБАНБАЕВ «БАУЫР» ӘҢГІМЕСІ



***САРСЕКЕЕВА Бексұлу Орақбайқызы,***
***Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі. Педагог-сарапшы***
***Түркістан облысы, Отырар ауданы***

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 5.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу;<br><br>5.2.4.1 көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу; | | | |
| **Сабақтың мақсаты** | Көркем шығармадағы кейіпкерлер портретін анықтайды.<br>Кейіпкердің іс-әрекеті арқылы образын ашады;<br>Әңгіме мазмұнын баяндайды, шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат жазады.<br>**ЕБҚ (Жұмысқа қабілеттілігі төмен)**<br>Кейіпкердің іс-әрекеті арқылы образын ашады.<br>Шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат жазады. | | | |
| **Бағалау критерийі** | Кейіпкердің портретін сипаттайды;<br>Іс-әрекеті арқылы кейіпкер образын талдайды;<br>Стратегия бойынша авторға хат жазады;<br>Хаттың мазмұнынан алған әсерін бөліседі<br>**ЕБҚ (Жұмысқа қабілеттілігі төмен)**<br>Іс-әрекеті арқылы, кейіпкер образын ашады;<br>Шығармадан алған әсерін сипаттап, хат жазады; | | | |
| **Ойлау дағдыларының Деңгейі** | Білу, түсіну,қолдану | | | |
| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
| **Сабақтың басы**<br><br>**Ұйымдастыру кезеңі**<br>**6 минут** | **1.Сәлемдесу, түгелдеу, сынып тазалығына назар аудару.**<br>**2. Психологиялық жағымды ахуал жасау**<br>**« Әдемі ойлап, демала біл» жаттығуы**<br>Оқушылар өмірде, іс-әрекеті арқылы сабырлы болуды түсінеді.<br>**(Сабақты алдын ала даярлайтын сұраулар** | **1.Оқушылар сәлемдеседі**<br>**2.Психологиялық ахуал**<br>**«Әдемі ойлап, демала біл» жаттығуы** |  | https://topuch.com/sabati-kezei-uait/770456_html_157a0a974a1d5223.jpg |

<table>
<tr>
<td>Алдыңғы білім<br>8 минут</td>
<td>қою арқылы ынтасын арттыру.<br>А.Байтұрсынұлы ұсынған оқытудың 3-қағидасына сәйкес.)<br>Топтық жұмыс. Алдыңғы білім<br>«Кездейсоқ дөңгелек» әдісі<br>Мұғалім оқушыларға сұрақтар қояды<br>1. Әңгімені не себепті «Бауыр» деп атады? Сіздің көзқарасыңыз?<br>2. Қалидың тәлім-тәрбиесі қандай, ол немен әуестенді?<br>3. Көптен көріспеген ағалы-інілі екеуінің кездесуі сендерге қалай әсер етті?<br>4. Балалар үйінің директор Манапты қалай қарсы алды?<br>5. Не себепті Қали ағасын суық қарсы алды деп ойлайсың?<br>6. Қалидың бойынан қандай қасиеттерді байқадың?<br>7.Қалидың мінез-құлқы, іс-әрекеттері, арман-қиялдары қандай?<br>8. Ағалы-інілі екеуінің түбінде түсінісетініне сенесіңдер ме?<br>Жаңа сабақтың тақырыбын ашу мақсатында бейнематериал көрсетемін. «Талап пен Жанат»<br></td>
<td>Оқушылардың ықтимал жауаптары:<br>Екі бауырдың екі жаққа кетуі, Манапты суық қарсы алды, түбінде татуласып бауырмалдықтары артады<br><br>Тақырып бойынша бейнематериал көреді,<br>Алған әсерін баяндайды.</td>
<td>ҚБ<br>«Батарея» әдісі<br><br></td>
<td><br>Интерактивті тақта<br>https://youtu.be/od_wwrPVh1I?si=Rpil3D8zRolklkOL</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақ ортасы<br>25 минут</td>
<td>Жаңа сабақты меңгерту.<br>Мұғалім оқушыларға түсіндірме бере отырып «Ой түрткі» әдісі арқылы сұрақ қою.<br>1.Бауыр кім?<br>2.Бауыр мен достың айырмашылығы неде?<br>1-тапсырма. ( Мәтіннен қажетті ақпараттарды табу. Функционалдық сауаттылық, оқылым стратегиясы PISAның 1-деңгейіне сәйкес)<br>«Ізденістік оқу» әдісі бойынша<br>Мәтіннен өзіңізге тиісті кейіпкердің сипаттауларын іздеп тауып, портретін жинақтаңыз. Кейіпкердің әңгімедегі ең маңызды әрекеттерін анықтаңыз. Жинақталған ақпараттар негізінде кейіпкер образына қатысты қорытынды жасаңыз.<br>
<table>
<tr><td>Кейіпкер</td><td>Кейіпкер портрет</td><td>Кейіпкердің ең маңызды 3 әрекеті</td><td>Кейіпкер образына қатысты көзқарас</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
<br>ЕБҚ оқушы үшін 1- тапсырма: «Сәйкестендіру» әдісі<br>(Бұл тапсырма арқылы оқушылардың көмегімен жауап беруіне мүмкіндік беремін. Инклюзивті білім берудің 6-қағидаты)<br>Кейіпкер бейнесінің бойындағы іс-әрекеттер арқылы сәйкестендіру кестесі беріледі.<br><br>Тапсырманың ортасында баланы демалдыру үшін сергіту сәтін ұйымдастыру.<br>«Әріптер сөйлейді»<br><br>2-тапсырма.( Қажетсіз мағлұматтардан сақтану, баланың ілтипатын қоздыратын қызықты нәрселерді ғана сөйлеп үйрету. А.Байтұрсынұлы ұсынған 4 - қағидатына</td>
<td>Ықтимал жауап:<br>1.Бір әкеден туған жақын туыс адамдар бауыр деп аталады.<br>2.Туыс бауыр бірге тумақ бар да, бірге жүрмек жоқ.Доста бірге тумақ жоқ та, бірге жүрмек бар.<br><br>Мәтіннен өзіне тиісті кейіпкердің сипаттауларын іздеп тауып, портретін жинақтайды.<br><br>ЕБҚ оқушысы, оқушылардың көмегімен ойлау жүйесін арттыру мақсатында сәйкестендіреді<br><br>Б, А, У, Ы, Р<br>Берілген әріптерден сөз құрап айтады<br><br>Дескриптор:<br>хат құрылымын сақтайды;<br>алған әсерлерін сипаттайды;<br>қалаған кейіпкеріне хат</td>
<td>ҚБ<br><br><br><br>Дескриптор:<br>Білім алушы<br>-әңгімеден өзіне тиісті кейіпкердің портретіне қатысты сөз тіркестері мен сөйлемдерді анықтайды;<br>-кейіпкердің ең маңызды 3 әрекетін анықтайды;<br>-портрет пен маңызды әрекеттер негізінде кейіпкер образына қатысты өз пікірін 1 сөйлеммен жеткізеді.<br>ҚБ<br>Бағалау критерийі<br>-Әңгіме мазмұнынан ерекше әсер еткен үзіндіні анықтайды;<br>-Таңдалған үзіндіден алған әсерімен бөлісіп,авторға шағын хат немесе бір шумақ өлең жазады.<br>Стикерлермен</td>
<td>https://yandsearch.yandex.kz/video/touch/preview/15281027465347379847<br><br>5-сынып Арман ПВ оқулығы 97 бет<br><br>Графикалық кесте</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың соңы**<br><br>**6 минут** | **сәйкес.) «Авторға хат»** әдісі<br>Әңгімеден өзіңе әсер еткен үзіндіні жаз.<br>Авторға хат **«Буриме» әдісі** арқылы **бір шумақ** өлең жаз.<br>Әңгімеде өзіңізге әсер еткен үзіндіні жазыңыз / Авторға арнап осы үзінділерден алған әсеріңізді сипаттайтын **өлең** немесе **хат** жазыңыз<br>**ЕБҚ оқушы үшін 2- тапсырма:**<br>**«Мен ұнатқан кейіпкер» әдісі**<br>Өзіне ұнаған кейіпкерді сипаттап, хат жазады.<br><br>**Кері байланыс**<br>**«Алтын асық» әдісі** | жазады.<br>Оқушылар өздеріне рефлексия жасайды.<br><br>Оқу тапсырмасы бойынша берілген тапсырманы түртіп алады | бір-бірінің жауабын оқушылар өзара бағалайды. | <br>**Сары түске боялған асық**<br>https://e-history.kz/kz/e-resources/show/13061 |

# С.Мұратбеков «Жусан иісі» повесі

***СЕЙЛБЕКОВА Гүлнора Нағашбекқызы,***
***Ә.Молдағұлова атындағы №19 мектеп-лицейінің***
***қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Педагог-зерттеуші***
***Түркістан облысы, Кентау қаласы***

| | |
|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 6.2.1.1 Шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау. |
| **Сабақтың мақсаты** | Шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасайды.<br>**ЕБҚ ( есте сақтауы төмен)**<br>Шығарма мазмұнымен танысады,шығарманың өзіне ұнаған бөлігін сипаттайды. |
| **Бағалау критерийлері:** | Шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодының маңызына негіздеме жасайды, шығарма эпизодына өздерінің көзқарастарын білдіреді.<br>**ЕБҚ (есте сақтауы төмен )**<br>Шығарма мазмұнымен танысады,шығарманың өзіне ұнаған эпизодын сипаттайды. |
| **Ойлау дағдылары:** | Білу,түсіну және талдау |

**Сабақ барысы**

| Сабақ кезеңі/ уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Білім алушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br><br>**Алдыңғы білім** | **Ұйымдастыру кезеңі**<br>Оқушылармен сәлемдесіп,жағымды ахуал қалыптастырамын.Оқушылар **«Достарға тілек»**әдісі<br>бойынша бір-біріне тілек айтады.<br>Оқушыларды бағдаршам түстеріне қарай үш топқа бөлеміз .(Сары,қызыл,жасыл түс)<br>**Үй тапсырмасын сұрау «Конверттегі сұрақ»әдісі арқылы үй тапсырмасына шолу**<br>Шығарма қандай жанрда жазылған?<br>-Бұл кезең қай уақытты қамтиды?<br>-Соғыс зардабы балаларға қандай зардап | Оқушылар бір-біріне тілек айтады.<br>Егер Аян ортамызда болса,бізге дос ретінде қандай тілек айтар еді?..<br><br>Дескриптор:<br>1.Оқушылар ашық сұрақтарға жауап береді.<br>Жетелеу сұрақтары арқылы жаңа тақырыпты | «Одағайлар әдісі» бойынша бағалаймы н.<br><br>ОООО!-тамаша жауап:<br>ОООО!-керемет жауап: | <br><br>6-сынып «Арман-пв» баспа 96-бет<br>https://otkrit |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | тигізді ?<br>Шығарма кімнің атынан баяндалып тұр<br>Шығарма кім туралы?<br>**(А.Байтұрсынұлының ұсынған қағидатының 1-2 деңгейін пайдаланып, жаңа сабақты бала білетін мағлұматпен ұштастыра және дайындаған сұраулар арқылы ынталандыру)** | анықтайды.<br>Ықтимал жауаптар:<br>Проза,хикаят<br>Екінші дүниежүзілік соғыс кезі | Смайликтер арқылы бағалау<br><br> | kis.com/wp-content/uploads/2021/11/113-40.jpg |
| **Сабақтың ортасы** | **Мағынаны тану.**<br>**Тақырыпты ашу. С.Мұратбеков «Жусан иісі»повесі**<br>**Эпизод деген не?**<br>**Эпизод-**әдеби шығарма сюжетінде өзіндік мәні бар жеке оқиға немесе шығарманың бас аяғы бар тиянақты бір бөлшегі.Шығарма сюжеті өзара байланысқан эпизодтардан тұрады**.**<br>**Сыныпты үш топқа бөліп, жеке берілген тапсырмалармен жұмыс жасаймын.**<br>**1-топ. «Қырандар».**<br>**2-топ. «Алғырлар».**<br>**3-топ. «Тапқырлар»**<br>(А.Байтұрсынұлының ұсынған қағидатының 4-6 деңгейін пайдаланып, қажетсіз мағлұматтардан сақтап,бала ілтипатын қоздыратын қызықты нәрселерді ғана сөйлету,көрнекті қолдану)<br>**Фс 2-4деңгей** (Интерпретациялау, ақпаратты анықтау.)<br>**1-Тапсырма:**<br>**І топ. Шығармадан берілген эпизод бөліктерін шолып оқып, алдымен жұпта,содан кейін топта түсіндіріп, белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасаңыз.**<br>Бұл тапсырманы *«Оқы, біл,сипатта» әдісіне* зер сала отырып орындатқызамын.Оқушы шығармадан берілген эпизодтың белгілі бір бөлігін таңдап алып,маңызына негіздеме жасайды<br>**Шығармадағы эпизодтар:**1.Кішкентай Аян жастайынан шешесінен айырылып, әжесімен бірге бір ауылға көшіп келеді. Оны алғаш рет ауыл балалары ойнап жүргенде байқайды. Балалар Аянмен тез достасып, олардың арасындағы екінші атаман атанады. Ол аққөңіл, ақылды, әрі мейірімді бала болатын.<br>2. Әжесі қайтыс болғаннан кейін оны Бапай атты туысы асырап алады. Бірақ Бапай әйелімен бірге оған дұрыс күтім жасамайды.<br>3. Әжесі өмірден кетсе де, баланың қамықпауы бәрін таң қалдырады. Балалар күнде оның ертегісін тыңдауды әдет қылған. Ауа райы суық болса да Аянның ертегісін тыңдау үшін жиналатын. Аян күн сайын жаңа ертегі ойлап тауып, күннің батқанын күтіп, бәріне айтып беретін. Оның ертегілері үнемі «Баяғыда бір жетім бала болыпты...» деп басталушы еді.<br>4. Аян осы түні ерекше қызықты: бір көзді дәу туралы ертегісін бастайды. Барлық балалардың үрейлері ұшады. Сөйтіп отырғанда шөптің | Дескриптор:<br>Эпизодты шолып оқу арқылы шығарма композициясымен танысып,топта талқылайды<br>.Шығармадағы белгілі бір эпизод маңызына негіздеме жасайды.<br><br>Оқушылардың ықтимал жауаптары:<br>Осы эпизодта Аянның тұрмыс жағдайы мен балаларға тез тіл табысқанын байқайды.<br><br>Аянның әжесі қайтыс болғаннан кейінгі тағдыры баяндалып,туыстары жайлы тоқталып өтеді Аянның сабырлығы сондай-ақ дүниетанымы кең ертегіші екендігі баяндалады.<br><br>Повест соңындағы эпизодта балардың қимастықпен Аянды балалар үйіне шығарып салуы баяндалады | <br>«Шапалақ» әдісі арқылы бағалау<br><br><br>«Ду қол шапалақ»әдісі арқылы бағалау<br><br><br>«Ду қол шапалақ»әдісі арқылы бағала<br><br><br>«Басбармак»әдісі арқылы бағалау | 6-сынып «Арман-пв»баспасы 96-106 бет<br><br>https://kk.wikipedia.org/wiki/<br>Слайд<br><br>Слайд<br><br>https://cf.ppt-online.org/files1/slide/h/HXkpKVxPI5rUqwDhcZB8ySEnN1T6OdCQL4uFz29WsY/slide-9.jpg<br>Кесте<br><br>Интерактив тақтасы https://cf.ppt-online.org/files1/slide/h/HXkpKVxPI5rUqwDhcZB8ySEnN1T6OdCQL4uFz29WsY/slide-9.jpg<br><br>Шығарма мазмұны негізінде терілген шағын мәтін |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>арғы жағынан өрт шығады. Балалардың барлығы қора үстінен секіріп, қаша жөнеледі. Ең соңында тайғыш аяғының кесірінен Аян қалып қойып, қора үстінен секіріп жатқанда аяғын ауыртып алады. Осы кезде ауыл бригадирі Тұржан келіп, Аянды соққыға жығады. Ауыл адамдары Тұржанға наразылық білдіреді. Осыдан кейін Аян аяғынан тұра алмай төсек тартып, жатып қалады. Біраз уақыт өткеннен кейін Аян жазыла бастайды, бірақ ол енді бұрынғыдай мүлде ойнамайтын болады.<br>5. Повест соңында, оған көкесінің соғыстан енді оралмайтындығы жайында қаралы хат келіп, Аян балалар үйіне жіберіледі. Ол халықпен қоштасып «Мен әлі бәріңе де хат жазып тұрамын» деп ант беріп кетеді.<br>(А.Байтұрсынұлының ұсынған қағидатының 4-6 деңгейін пайдаланып, қажетсіз мағлұматтардан сақтап,бала ілтипатын танытып, шығарма композициясын шебер сипаттап сөйлету,көрнекті қолдану)<br>Фс 2-3 деңгей<br>ІІ топ. Шығарма эпизодтарын негізге алып,шығарма кейіпкерлеріне мінездеме беріңіз.<br>Бұл тапсырманы орындау үшін «Кейіпкерді таны»әдісін қолдандырамын.Топ шығарма эпизодтарын негізге ала отырып, топпен бірлесе кейіпкерлерге мінездеме береді.</td>
<td>Дескриптор:<br>Шығарма эпизодтарын негізге алып,шығарма кейіпкерлеріне мінездеме беріңіз.<br>Ықтимал жауаптар:<br>Есікбай -тентек бала.Алайда оның бойынан мейірімділікті де байқауға болады.Ол қасиет Аянды шығарып салар тұсында байқалып,қимастық сезімі жанарына жас ұялатты.<br>Бапай Аянның әжесінің немере туысы.Шығармада оның мейірімдігінен гөрі қаталдығы кеңірек</td>
<td>«Басбармақ »әдісі</td>
<td>Интерактив тақтасы</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>«Кейіпкерлерді таны»
<table>
<tr><td></td><td>Кейіпкерлер</td><td></td></tr>
<tr><td>1.</td><td>Аян</td><td></td></tr>
<tr><td>2.</td><td>Есікбай</td><td></td></tr>
<tr><td>3.</td><td>Бапай</td><td></td></tr>
<tr><td>4</td><td>Автор</td><td></td></tr>
</table>
ІІІ топ. Шығарма эпизодтарын негізге алып талдай отырып,кестені толтырыңыз.<br>3-топтың бұл тапсырмасын «Ізденушілер» әдісіне сала отырып, талқылау кестесін толтыру арқылы орындатқызамын.
<table>
<tr><td>Тақырыбы</td><td></td></tr>
<tr><td>Идеясы</td><td></td></tr>
<tr><td>Кейіпкерлердің әрекеті</td><td></td></tr>
<tr><td>Балалардың ертегі тыңдағандағы әсері</td><td></td></tr>
<tr><td>Кейіпкерлер бойындағы ерекше қасиет</td><td></td></tr>
<tr><td>Әңгіме шешімі</td><td></td></tr>
</table></td>
<td>танылады.<br>Дескриптор:<br>Шығарма эпизоды бойынша талдау жасаңыз.<br>Кестені толтырыңыз.<br>Оқушылар шығарма эпизодтарын негізге алып,талдау жасайды.<br>Кестені толтырады.<br>Дескриптор:<br>Мәтінді оқиды,көп нүкте орнына тиісті сөздерді қояды.<br>Оқушы «Ойлан ,тап,орнына қой»әдісі арқылы бос орындарға мағынасына сәйкес келетін сөздерді орналастырады.<br>Мен де ылғи көкемнің ...........жамылып жатамын.Менің көкемнің пальтосынан да............иісі шығып тұрады,-деді бір бала.Сөйткенше болған жоқ,тұс-тұстан жамырай дуылдап,соғыста</td>
<td>арқылы бағалау<br><br>Өзін-өзі бағалау</td>
<td>Слайд</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td>Сабақты бекіту<br><br>Сабақтың соңы Рефлекция</td>
<td>ЕБҚ оқушыға тапсырма.<br>1-тапсырма.Шығарма эпизодының бөлігінен үш сөйлем беріліп, мәтіннен кейбір сөздер алынады. Оқушы тиісті сөздерді, керекті сөздер тобынан алып, үзіндінің тиісті жеріне жазады.<br>Тапсырманы орындау үшін «Ойлан ,тап,орнына қой»әдісін негізге алдым.Бұл әдіс арқылы оқушы бос орындарға мағынасына сәйкес келетін сөздерді керекті сөздерден алып орналастырады.<br>Тапсырманы орындау барысында Ебқ баланың жылдамдығы баяу болғандықтан тапсырма орындауына уақыт беремін.Әр кішкентай жетістігі үшін мадақтау,марапаттау жасап отырамын.<br>ЕБҚ оқушыға тапсырма<br>2-тапсырма.Оқушыға шығармадан шағын эпизод үзінділері беріледі. Оқушы шығарманың өзіне ұнаған бөлігін сипаттайды .Жылдамдығы баяу болғандықтан тапсырма орындауына уақыт беремін.Әр кішкентай жетістігі үшін мадақтау,марапаттау жасап отырамын.<br>Фс-1,3. Тапсырманы орындау үшін «Көңіл толқыны»әдісін пайдаланамын. Бұл әдіс арқылы оқушы шығарманың өзіне ұнаған бөлігін сипаттайды .
<table>
<tr><td>№</td><td>Шығарма желісі</td><td>Жауаптар</td></tr>
<tr><td>1</td><td>Шығарма ұнады ма?</td><td></td></tr>
<tr><td>2</td><td>Шығарма оқыған тұста қандай сезімде болдың?</td><td></td></tr>
<tr><td>3</td><td>Шығарманың қай тұсы ұнады?</td><td></td></tr>
</table>
Бекіту сұрақтары. «Пирамидалық талқылау» әдісі Тіктөртбұрыштың сыртқы бөлігіне топтың әр мүшесі шығарма туралы өз жауабын жазады, ал ішкі төртбұрышқа төрт пікірге ортақ түйінді ой жазыңыз.<br><br>1.Аян тағдыры сені қаншалықты ойландырады?<br>2.Аян білімге өте құштар, егер соғыс болмағанда ол толыққанды білім алып дарынды бала болар ма еді?<br>3.Біздің де арамызда Аян секілді білімге құмар балалар бар ма? Ал сен ше?..<br>4.Қазіргі балалар жайлы не айтасың?<br>Бағалау.<br>«Маңызды үш дерек»әдісі арқылы бүгінгі сабақтан алған дерекпен бөлісу<br>1-қадам: Мәтіннің ерекше әсер еткен бөлігіне дәйексөз келтіру<br>2-қадам: шығарманың әсер еткен тұсын 4 сөзбен білдіру;<br>3-қадам: Сабақтан алған әсерді мұғаліммен бөлісу<br>Үйге тапсырма:Аян бейнесін сақтап,ертегі немесе хат жазу</td>
<td>жүрген.....үйдегі қалған киімдерін еске алып,сөз етіп кеттік.<br>Керекті сөздер:<br>пальтосын, жусан, әкелеріміздің,ағаларымыз дың<br><br>Дескриптор:<br>Оқушы шығарманы шолып оқиды.<br>Өзіне ерекше әсер еткен эпизодты сипаттайды.<br>Дескриптор:<br>Тіктөртбұрыштың сыртқы бөлігіне шығарма эпизодтарының алатын маңызына негіздеме жасаңыз<br>Ішкі төртбұрышқа төрт пікірге ортақ түйінді ой жазыңыз.<br>Өз көзқарасыңызды білдіріңіз.<br>Тіктөртбұрыштың сыртқы бөлігіне топтың әр мүшесі ш шығарма эпизодтарының алатын маңызына негіздеме жасайды.Ішкі төртбұрышқа төрт пікірге ортақ түйінді ой жазады.<br>Өз көзқарасын білдіреді.<br>Оқу тапсырмасы бойынша берілген тапсырманы түртіп алады.</td>
<td></td>
<td>Кесте</td>
</tr>
</table>

# ҰЛБИКЕ АҚЫН



***СЕМБЕК Әмірхан Жұпарханұлы,***
***Аманкелді жалпы білім беретін мектебінің***
***қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі. Педагог-модератор***
***Түркістан облысы, Сауран ауданы***

| | |
|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:** | 6.1.5.1- тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру;<br>6.4.3.1- **көнерген сөз**, эфемизм, дисфемизм, табу сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата білу; |
| **Сабақтың мақсаты:** | ➢ тыңдалған мәтін бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап береді<br>➢ мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстырады<br>➢ **көнерген** сөздердің қолданыс аясын түсініп, ажыратады<br><br>**ЕБҚ (көру қабілеті төмен)**<br>❖ өмірден мысал келтіре отырып нақты сұрақтарға жауап береді,<br>❖ көнерген сөздердің қолданады |
| **Бағалау критерийі** | ❖ мәтін бойынша жалпы және нақты сұрақтар құрастырады<br>❖ мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстырады<br>❖ көнерген сөздердің қолданыс аясын түсінеді, ажыратады<br>**ЕБҚ (көру қабілеттілігі төмен)**<br>❖ өмірден мысал келтіре отырып нақты сұрақтарға жауап береді,<br>❖ көнерген сөздерді қолдана алады |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы 8 минут** | Оқушылармен сәлемдесу<br>Оқушыларды түгелдеу<br>Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру;<br>- Сәлем достым (*амандас*)<br>- Сен қалайсың? (*иығынан қақ*)<br>- Қайда болдың? (*құлағынан тарт*)<br>- Мен сені сағындым! (*қолдарын жүректеріңе қой*)<br>- Сен келдің! (*қолдарыңды жай*)<br>- Жақсы болды! (*құшақта*)<br><br>**Үй тапсырмасын пысықтау сұрақтары**<br><br>***«Теннис сұрағы» әдісі***<br>Оқушылар, екі қатарға тұрып, қарама-қарсы екі топ алдыңғы сабақты қорытынды жасаңдар. | Оқушылар сәлемдеседі.<br><br>Ынтымақтастық атмосферасы:<br>- Сәлем достым (*амандасады*)<br>- Сен қалайсың? (*иықтарынан қағады*)<br>- Қайда болдың? (*құлақтарын тартады*)<br>- Мен сені сағындым! (*қолдарын жүректеріне қояды*)<br>- Сен келдің! (*қолдарын жаяды*)<br>- Жақсы болды! (*құшақтайды*)<br><br>**Оқушының ықтимал жауабы:**<br>Оқушылар «Теннис сұрағы» әдісі арқылы екі қатарға тұрады, қарама-қарсы екі топ болып алдыңғы сабаққа қорытынды жасайды<br>*Сұрақ: эфемизм дегеніміз не?*<br>*Жауап: тұрпайы сөздерді сыпайы сөздермен жеткізуді эфемизм деп атаймыз. Мысалы: менің ала күшігім ұрланды. Бұл жерде (ұрланды) деген сөзді (қолды болды) деп жеткізу дұрыс болады.* |  | https://sun9-70.userapi.com/impf/c857532/v857532312/2dec9/w6f7iVTkRI8.jpg?size=807x533&quality=96&sign=8f98d5f07684bc5082dd593b098522e3&type=album<br><br>https://trk.sud.kz/sites/default/files/newsss/20220827/bez_nazvaniya.png<br><br><br>https://olympic.kz/images/1694318806.jpeg<br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың ортасы**<br>**5 минут**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**15 минут**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**5 минут**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**5 минут** | **Жаңа сабақ. Мағынаны тану.**<br>**Мұғалім оқушыларға «табу сөздер мен көнерген сөздерге» қысқаша мәлімет береді.**<br><br>Көнерген сөздер-қазіргі кезде қолданыстан шығып тек тарихи шығармаларда ғана кездесетін, мағынасы көмескі сөздерді атаймыз.<br>Көнерген сөздер екі топқа бөлінеді:<br>1. *Архаизмдер*<br>2. *Тарихи сөздер (историзмдер)*<br>Тарихи сөздер: қорамсақ, дулыға, барымта, ояз, уәзір, т.б.<br>Архаизмдер: кебеже, сәукеле, бесік құда, т.б.<br><br>***«Түсінгеніңді бақылау» әдісі***<br><br>***(PISA 1-деңгейі)***<br>***1-тапсырма. Бейнебаян: «Ұлбике ақын»*** *(*Бейнебаянды мұқият тыңдай отырып, жалпы, нақты сұрақтарға жауап беріңдер.<br>*Ұлбике ақындыққа қалай келді?*<br>*Ұлбике қоғамындағы қазақ қыздарының өмір тынысы қандай еді?*<br>*Ұлбике ақын қыздың өмірі неліктен қысқа болды?*<br>*Ұлбике секілді ақын қыздарымыз бар ма?*<br><br>***«Шынайы әлем» әдісі***<br>***2-тапсырма: (PISA 1,2-деңгейі)***<br>Өткен ғасырда есімдері тарихта қалған ата-бабаларымызды қазіргі шынайы өмірдегі тарихи тұлғалармен байланыстырыңдар<br><br>***«Турнир» әдісі***<br>***3-тапсырма: (PISA 1-деңгейі)***<br>Тақтаға екі оқушы шығып, өтілген тақырып бойынша сөйлемдер айту арқылы екі оқушы кезектесіп бір-бір сөйлемнен айтып әңгіме құрастырыңдар | Оқушылар мұғалімнің сөздерін мұхият тыңдай отырып, дәптерлеріне тірек сөздерді түртіп алып отырады.<br>*Тарихи сөздер: қорамсақ, дулыға, барымта, ояз, уәзір, т.б.*<br>*Архаизмдер: кебеже, сәукеле, бесік құда, т.б*<br><br>Оқушылар бейнебаянды мұқият тыңдап, жалпы, нақты сұрақтарға жауап береді.<br><br>*Ұлбике ақындыққа қалай келді?*<br>*Ұлбике қоғамындағы қазақ қыздарының өмір тынысы қандай еді?*<br>*Ұлбике ақын қыздың өмірі неліктен қысқа болды?*<br>*Ұлбике секілді ақын қыздарымыз бар ма?*<br>ДЕСКРИПТОР:<br>1.Бейнебаян мазмұны бойынша сұрақ құрастырады.<br>2.Сұрақтарға жауап береді<br><br>*«Шынайы әлем» әдісі арқылы өткен ғасырдағы тарихи тұлғалармен қазіргі шынайы өмірдегі тарихи тұлғалармен байланыстырады.*<br><br>ДЕСКРИПТОР:<br>1. тарихи тұлғаларды таниды<br>2. тарихи тұлғаларды шынайы өмірмен байланыстырады<br><br>Оқушылар «Турнир» әдісі бойынша тақтаға екі оқушы шығып, өтілген тақырып бойынша сөйлемдер айту арқылы бір әңгіме құрастырып шығады.<br>ДЕСКРИПТОР:<br>1. Көнерген сөздерді қатыстырып сөйлемдер құрастырады<br>2. Сөйлемдерді қатыстырып мәтін құрастырады | «Шапалақ» Әдісі арқылы оқушылар бір-бірін бағалайды<br><br><br>«Басбармақ» Әдісі арқылы оқушылар бағаланады<br> | Қазақ тілі: талапкерлерге арналған «Шың» кітабы. 2009 жыл. Алматы қаласы. ISBN 9965-804-31-1<br><br>https://www.facebook.com/watch/?v=340185138125656<br><br><br>https://images.satu.kz/82683615_w640_h640_tarihi-tlalardy-portretteri.jpg<br> |
| **Сабақтың соңы**<br>**7 минут** | **«Еркін микрофон» әдісі**<br>Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын | Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды. | «Жапондық бағалау» әдісі «Дұрыс келісемін» «Толықтырамын, | https://karaonika-kids.ru/img/ruka-2.jpg |

# БАҒДАРШАМ



***ТУРЕБЕКОВА Анаркуль Зархановна,***
***Абай атындағы №5 жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі. Педагог-сарапшы***
***Түркістан облысы,Кентау қаласы***

| | |
|---|---|
| **Оқу бағдарламасы на сәйкес оқу мақсаттары** | 5.3.5.1 **<u>оқылым</u>** және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу;<br>5.4.4.4 **<u>сан есімнің мағыналық түрлерін ажырата білу</u>**, сан есімді зат есім орнына қолдана білу. |
| **Сабақ мақсаты** | <u>Оқылым</u> және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазады.<br>Сан есімнің (есептік және реттік) мағыналық түрлерін ажыратады.<br>**ЕБҚ оқушы (<u>есту қабілеті</u>, көру қабілеті, т.б.)**<br>Оқылым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазады.<br>Сан есімнің (есептік және реттік) мағыналық түрлерін ажыратады. |
| **Бағалау критерийлері** | <u>Оқылым</u> және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазады.<br>Сан есімнің (есептік және реттік) мағыналық түрлерін ажыратады.<br>**ЕБҚ оқушы (<u>есту қабілеті</u>, көру қабілеті, т.б.)**<br>Оқылым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазады.<br>Сан есімнің (есептік және реттік) мағыналық түрлерін ажыратады. |
| **Ойлау дағдысының деңгейі** | Білу, түсіну, талдау |

| | | **Сабақтың барысы** | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақ кезеңі/ Уақыт** | **Педагогтің іс-әрекеті** | **Оқушының іс-әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурс тар** |
| **Ұйымдас тыру кезеңі: Сабақтың басы**<br>4 мин<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>6 минут | Оқушылармен сәлемдесу.<br>Психологиялық жағымды ахуал қалыптастыру. «Өзіңе тілегенді өзгелерге тіле» әдісі<br>Қызығушылықты ояту.<br><br>Сыныпты «Бағдаршам» түсі арқылы 3 топқа біріктіру.<br>1-топ: «Қыран»<br>2-топ: «Білгір»<br>3-топ: «Білімпаз»<br>Үй тапсырмасын сұрау.<br><br>**«Доп басу » әдісі** арқылы морфология саласы бойынша зат есімнен алған өткен сабақты тест сұрақтары арқылы пысықтау.<br>**Тест сұрақтары:**<br>1.Зат есімді табыңыз.<br>А) жақсы Б) он екі Д) оқушы<br>С) еңбекқор<br>2.Зат есім құрамына қарай неше түрге бөлінеді?<br>А) 4; Б) 2; Д) 5; С) 3<br>3.Зат есім мағыналық түрін табыңыз.<br>А) бес Б) дара Д) деректі С) туынды<br>4.Түрленген зат есімді табыңыз.<br>А) балалар Б) білгір Д) сапалы<br>С) бұл<br>5. Сөз таптары неше түрге бөлінеді?<br>А) 4; Б) 6; Д) 9; С) 7<br>Бүгінгі жаңа сабақтың тақырыбымен, мақсатымен,<br>бағалау критерийлерімен таныстыру. | Оқушылар сәлемдесіп, психологиялық ахуал қалыптастырады.<br>(оқушылар шеңберге тұрып, бір-біріне жылы лебіздерін білдіре отырып, мұғалім дайындаған әр түрлі түстегі дөңгелекшелерді беру арқылы топқа бірігеді)<br>Сынып «Бағдаршам» түсі арқылы үш топқа бірігеді.<br>Үйге берілген 5-тапсырманы айтады. «Ақылды үй» идеяларын пайдаланып, «Менің қиялымдағы болашақтың киіз үйі» тақырыбында хабарлама жазу. Әр топтан бір-бір оқушыдан үй тапсырмасын оқиды.<br><br>Оқушының ықтимал жауабы.<br>Тест сұрақтарына жауап береді.<br>**Жауаптары:**<br>1. Д) оқушы;<br>2. Б) 2;<br>3. Д) жалқы; | <br><br><br><br><br><br><br>Мұғалім тарапынан бағалау<br><br><br><br><br><br><br>**Дескриптор:**<br>**Жалпы балл – 3**<br>-Зат есімді табады.<br>-Зат есімнің құрамын анықтайды.<br>-Зат есімнің мағыналық түрін табады.<br>- Түрленген зат есімді табады.<br>-Сөз таптарының түрін анықтайды.<br><br>5 – «5»<br>4-3 – «4»<br>2 – «3»<br>1 – «2»<br>**ҚБ:** өзара бағалау | <br><br> |

<table>
<tr>
<td></td>
<td></td>
<td colspan="2">4. А) балалар;<br>5. Д) 9.<br>Сабақтың тақырыбымен, мақсатымен, бағалау критерийлерімен танысады.</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Жаңа сабақ ортасы<br>10 минут<br><br>10 минут<br><br>5 минут<br><br>5 минут<br><br>Соңы<br>3 минут<br>Кері байланы<br><br>Үйге тапсырма<br>2 минут</td>
<td>Сан есім. Сан есімнің (есептік және реттік) мағыналық түрлері.<br>Жаңа сабақта оқу материалын меңгерту мақсатында Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған оқытудың әдістемелік қағидаларының бағдарлама бойынша көрінісі (Тиісті таныстыру арқылы сабақтың мазмұнына ынталандырып, ілтипат аудару. Ахмет Байтұрсынұлының 2-қағидаты. Оқу материалын меңгеру үдерісіндегі білім алушылардың танымдық іс-әрекетін арттыруға негіз болатын оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін қолдану.)<br>Жинақы мәтін туралы түсінік беру.<br>ОҚЫЛЫМ<br>1-тапсырма. Топтық жұмыс. «Джигсо 2» әдісі арқылы мәтінді оқып, ойларыңды ортаға салып, негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазып, сан есімнің (есептік және реттік) мағыналық түрлерін ажыратыңдар. (1-мәтін)<br>(Функционалдық сауаттылықтың оқылым стратегиясы 4-деңгейі)<br>Тапсырма түрлері:<br>-ақпаратты анықтау.<br>«Бағдаршам туралы қызықты деректер»<br>ЕБҚ оқушы тапсырмасы<br>(Бұл тапсырма оқушылардың көмегі арқылы жинақы мәтін жазып, өз пікірін білдіре алады. Инклюзивті білім берудің 3-қағидаты)<br>Оқылым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазып, сан есімнің (есептік және реттік) мағыналық түрлерін ажыратады.<br>ӘДЕБИ ТІЛ НОРМАЛАРЫ<br>2-тапсырма. Жеке жұмыс.<br>«Семантикалық кесте» арқылы сан есімнің (есептік және реттік) мағыналық түрлерін ажыратыңдар.
<table>
<tr><th>Мысалдар</th><th>Есептік сан есім</th><th>Реттік сан есім</th></tr>
<tr><td>Екі мың үш жүз</td><td>+</td><td></td></tr>
<tr><td>Елуінші</td><td></td><td>+</td></tr>
<tr><td>Жиырма бес</td><td>+</td><td></td></tr>
<tr><td>Қырық екінші</td><td></td><td>+</td></tr>
<tr><td>II орын</td><td></td><td>+</td></tr>
<tr><td>8 наурыз</td><td></td><td>+</td></tr>
<tr><td>Он</td><td>+</td><td></td></tr>
<tr><td>7 үй</td><td></td><td>+</td></tr>
<tr><td>1991 жыл</td><td></td><td>+</td></tr>
<tr><td>Отыз</td><td>+</td><td></td></tr>
</table>
«Жұлдызды баспалдақ» әдісі арқылы сабақ бойынша кері байланыс жасайды.<br>(1.Тапсырманы орындауға қиналдым;<br>2.Тапсырманы жартылай түсіндім;<br>3.Достарым көмектесті;<br>4.Тапсырманы түсіндім;<br>5.Барлық тапсырма орындауда көшбасшы болдым)<br>5-тапсырма. «Алып шаһардағы бағдаршам» тақырыбында ертегі жазып, ең үздік жұмысты анықтау.</td>
<td>Сан есім және сан есімнің мағыналық (есептік және реттік) түрлерімен танысады.<br><br>Оқушылар бірнеше бөлікке бөлінген мәтінді оқу үшін шағын топтарда жұмыс істейді. Топтың әрбір мүшесі мәтіннің белгілі бір бөлігін ғана оқиды, содан соң сол мәліметпен топтың басқа мүшелерімен бөлісіп, жинақы мәтін жазады және сан есімнің (есептік және реттік) мағыналық түрлерін ажыратады.<br><br>Оқылым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазып, сан есімнің (есептік және реттік) мағыналық түрлерін ажыратады.<br><br>Оқушылардың ықтимал жауабы «Семантикалық кесте» арқылы сан есімнің (есептік және реттік) мағыналық түрлерін ажыратады.<br><br>Оқушылар бүгінгі жаңа сабақтан алған білімдерін неден қиналғанын, қалай түсінгенін, кім көмектескенін, нені түсінгендігі туралы стикерге жазып, кері байланыс жасайды.<br>«Алып шаһардағы бағдаршам» тақырыбында ертегі жазып, ең үздік жұмысты анықтайды.</td>
<td>Дескриптор<br>Жалпы балл-2<br>- Мәтін үзінділерін оқып, негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазады.<br>-Мәтіннен сан есімнің (есептік және реттік) мағыналық түрлерін ажыратады.<br><br>ҚБ: «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы топтар бір-бірін бағалау<br>Дескриптор<br>Жалпы балл – 2<br>- Есептік сан есімді ажыратады.<br>-Реттік сан есімді ажыратады.<br><br>9-10 – «5»<br>6-8 – «4»<br>5-1 – «3»<br><br>ҚБ:<br>«Бағдаршам» әдісі арқылы мұғалім тарапынан бағалау<br><br>Дескриптор<br>Жалпы балл – 3<br>- Мәтіндегі негізгі ақпаратты сақтап, сәйкестендіреді.<br>- Сан есімдерді мағынасына қарай ажыратып жазады.<br>- Көп нүктенің орнына сан есімдерді қойып жазады<br><br>ҚБ: Мұғалім тарапынан бағалау</td>
<td>https://i.ytimg.com/vi/DyGaih1owCI/maxresdefault.jpg<br>http://images.myshared.ru/79/1382082/slide_8.jpg<br>(ТАН 74-75 бет)<br><br>https://massaget.kz/layfstayl/alemtanu/syrly-alem/25740/<br><br><br><br><br>Қима қағаздары<br><br></td>
</tr>
</table>

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ-АҒАРТУШЫЛЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

БІЛІМ ШЫҢЫ-
ҒЫЛЫМ СЫРЫ

2024 жылдың №04 тоқсандық
жинақ саны
ISBN 978-601-373-014-1

2015 жылдың тамыз айынан бастап шыға бастады.
Айына бір рет шығады.

**Бас редактор:**
ЕСЕН Бахыткүл Артыққызы

**Шығармашылық директор:**
БЕКЗАТ Рүстем

**Бас редактордың орынбасары:**
БИҒАРАЕВ Жарқынбек

**Тілші:**
УСИПОВА Жанна
ТАСТАНБЕК Аяулым

**Дизайнер:**
АНАРКУЛОВ Ислам

Журнал Қазақстан Республикасының Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №15454-Ж (01.07.2015)

Жазылу индексі: 74871
Редакцияға келіп түскен авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Түпнұсқа редакция архивінде сақталады.
Кейбір суреттер мен мәліметтер интернеттен алынады.

Меншік иесі: ЖК “Шың” Баспаханасы.
Журнал 2024 жылы 24 қаңтар
ЖК “Шың” баспаханасында
басылып шықты.
Мекен-жайымыз:
Қазақстан Республикасы,
Шымкент қаласы,
Ғ.Орманов көшесі 10/1
Байланыс телефондары:
+7 (7252) 77 20 10
Ұялы тел.: +7 701 590 79 16,
+7 778 625 20 78
эл.пошта: bilimshini.kz@mail.ru
сайт: www.bilim-shini.kz

# *Мазмұны*

*НУРЖАУТОВ Сакен Даутбекович..................1*
*ОРАЗБЕКОВА Бағила Орынбайқызы..................3*
*САГИНДИКОВА Камшат Торехановна..................4*
*АБИЛЬДАЕВА Сапаргул Буребаевна..................6*
*АЙТБАЕВА Улбике Абдигаппаровна..................8*
*АСАНОВА Оразкул Ергараевна..................10*
*ДИМЕТОВА Доно Ибраимовна..................12*
*ЖАМАЛБЕКОВА Гулфариза Жакипбековна..................14*
*ЖАНТУҒАН Сандуғаш Ерғарақызы..................17*
*ЖАНТУГАНОВА Макпал Ергараевна..................19*
*ИСЕТОВА Олмасхан Розбайовна..................21*
*ИСМАИЛОВА Сайяра Мухтаровна..................23*
*МЕНЛИБЕКОВА Жалгас Керимбековна..................27*
*МЫРЗАГАЛИЕВ Алимтай Мырзагалйевич..................31*
*НАЛИБАЕВА Индира Дуйсенбековна..................34*
*НАУРЫЗБАЕВА Шамшат..................37*
*ОРАЗБЕКОВА Бағила Орынбайқызы..................39*
*ПАЗЫЛОВА Райхан Туленовна..................41*
*РУСТЕМОВА Гульдана Султановна..................43*
*САПАЕВА Саида Омархановна..................45*
*САРСЕКЕЕВА Бексұлу Орақбайқызы..................47*
*СЕЙЛБЕКОВА Гүлнора Нағашбекқызы..................49*
*СЕМБЕК Әмірхан Жұпарханұлы..................53*
*ТУРЕБЕКОВА Анаркуль Зархановна..................55*

**ШЫҢ**
**БАСПАХАНАСЫ**

Кітапша
Плакат
Кітап
Диплом
Баннер
Афиша
Шақырулар
Брошюра
Журналдар
Бланк
Визитка
Стенд
Мандайшалар
Буклеттер
Портфолио

*Сапалы әрі арзан бағада*








+7 (7252) 77 20 10;
+7 701 590 79 16
ҚР, Шымкент қаласы, Ғ.Орманова көшесі 10/1
E-mail: bilimshini.kz@mail.ru